

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



ПРЕЗИДЕНТ МӘЛІМДЕМЕСІ

2

САРАПТАМА



«ШЕТЕЛДІК АГЕНТ» ЗАҒЫ МА, ӘЛДЕ ЕУРОИНТЕГРАЦИЯ МА?

4

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ



«АРДАГЕРЛЕР АЛЛЕЯСЫ»

8

МЕГАПОЛИС

ҚАЛА ЭКОНОМИКАСЫ ҚАРҚЫНДЫ ӨСТІ

Шаһарда барлық көрсеткіш бойынша оң динамика қалыптасқан



Алматы әкімдігінің мәліметінше, 2023 жылы қала экономикасы 10,1 пайызға өсіп, 24,8 трлн теңгеге жетті. Бұл – кейінгі 10 жылдағы рекордтық көрсеткіш.

«Экономиканы дамытудың драйверлері: өңдеу өнеркәсібі 17,5%-ға, сауда 14,5 пайызға, қаржы және сақтандыру қызметі 12,0%, ақпарат және байланыс 11,3%, жылжымайтын мүлікпен операциялар 6,9%, көлік және қоймалау 5,7% пайызға өсті», деп хабарлады әкімдіктен.

Қала экономикасының дамуы жоғары инвестициялық және іскерлік белсенділікпен қатар жүрді. 2023 жылы Алматы қаласына 1,8 трлн негізгі капиталға салынған инвестиция 25,3% өсті, бұл ретте жеке инвестиция 35,5 пайызға артты.

Бытыр шағын және орта бизнес субъектілері 19,3 трлн теңгенің өнімін шығарды. Белсенді жұмыс істеп тұрған бизнес субъектілерінің саны 340,1 мың бірлік, бұл 2022 жылмен салыстырғанда, 16,2%-ға артық.

Алматы қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі мамандарының хабарлауынша, экономиканың қарқынды дамуы жұмыссыздық деңгейін 2022 жылғы 5,0%-дан 2023 жылы 4,8%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді. Жалпы, Алматы қаласының Қазақстанның жалпы ішкі өніміндегі үлесі 20,6%-ға дейін өскен.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №37 (6488) 3 мамыр, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЗАМАНАУИ ЖАТАҚХАНА

Алматыда халықаралық стандарт бойынша салынған жаңа студенттер үйі ашылды



Қалада болашақ мұғалімдерге арналған жаңа хәм заманауи жатақхана ашылды. Жеке инвестициялар есебінен бой көтерген нысанға шаһар басшысы Ерболат Досаев барды.

3

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

3.05.2024

Түнде:

+11+13 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+23+25 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

4.05.2024

Түнде:

+13+15 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+25+27 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Әзербайжан-Армения уағдаластығы:

КЕЛІССӨЗГЕ КЕЛІСІМ БАР!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан мен Армения арасындағы Алматыда өтетін келіссөздер процесіне қатысты мәлімдеме жасады.

«Қазақстан тарапының ұсынысы бойынша Әзербайжан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы бейбіт келісімге дайындық жүргізу мақсатында екі елдің Сыртқы істер министрлерінің келіссөзін өткізу туралы өзара келісімге келгенін құптаймын. Бұл маңызды шараның Алматыда ұйымдастырылуының символдық мәні бар. Өйткені, 1991 жылы желтоқсан айында ТМД елдерінің тәуелсіз дамуына негіз қалаған және мемлекетаралық шекараны анықтау қағидаларын бекіткен тарихи құжатқа – Алматы декларациясына қол қойылған еді. Алдағы кездесу әзербайжан-армян уағдаластығының нақты жүзеге асуына жол ашып, жуық арада Оңтүстік Кавказда тұрақты әрі ұзақмерзімді бейбітшіліктің орнауына ықпал етеді», делінген Президент мәлімдемесінде.

Естеріңізде болса, бұған дейін «АҚШАМ-АҚПАРАТ» хабарлағандай, Қазақстан Президенті биылғы сәуір айында Арменияға жасаған ресми сапары аясында, Оңтүстік Кавказ аймағындағы шиеленісті бейбіт шешуде Әзербайжан және Армения тарапы өкілдерін келіссөз жүргізуге, ара-



Коллажды жасаған Нұрболот Нұрболоттың ӨРІСҰЛЫ.

дағы қарым-қатынасты тез арада реттеуге ресми Астанаға шақырған еді. Армения мен Әзербайжанның бітімгершілік келісімін жасау жөніндегі қадамдарын жоғары бағалаған Қасым-Жомарт Тоқаев Ереван мен Баку арасында берік, ұзақ мерзімді бейбітшілікті тез арада орнатудың маңыздылығын атап өткені белгілі. Осы мақсатта біздің Президентіміз екі тарапқа Қазақстанның келіссөздер алаңын ұсына отырып, көмектесуге дайын екенін мәлімдеген болатын.

Енді міне, Оңтүстік Кавказ аймағындағы шиеленісті бейбіт шешу бағдарында Алматыда бас қосу ұсынысы қабыл алынды. Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев екі елдің Сыртқы істер министрлерінің Қазақстанда кездесуі мүмкіндігіне Әзербайжан тарапы дайын екендігін жеткізді. Екі тарап та армян-әзербайжан келісімдерін іс жүзінде жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастыруға келісті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»,
(Дереккөз: akorda.kz).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрболот НЫШАНБАЕВ,
«Алматы ақшамының»
сарапшысы:



Барлық тараптар үшін маңызды қадам

Еліміздің Қарабақ мәселесі бойынша қос мемлекетке бейтарап, өзара сенімге негізделген алаң ұсынуы екі тарап үшін де тиімді. Оңтүстік Кавказдағы отыз жылға созылып келе жатқан бұл даулы мәселенің нақты шешімін қоюда Қазақстандық медиаторлық институттың ықпалы баламасыз болары айқын.

Қазақстан Әзербайжанмен де, Армениямен де институционалдық негізде әріптестікке, сенімді серіктестікке негізделген байланысқа ие. Қос тарап арасында біртұтас бейбітшіліктің орнауы, жалпы, барлық тараптар үшін маңызды қадам болмақ.

САРАПТАМА

БЛИНКЕННІҢ БЕЙЖІҢ САПАРАЙ

АҚШ пен Қытай қарым-қатынасын не күтіп тұр?

Өткен аптада Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен Қытайда үш күндік сапарда болып қайтты. Блинкен сапары әлем ақпарат құралдары баса назар аударған тақырыптың бірі болды. Шамалауымызша, бұл дипломатиялық алмасу және ондағы келіссөздер ауаны белгілі тарихи сипатқа ие. Тіпті, алдағы бірер жылдың жүзіндегі АҚШ-Қытай қарым-қатынасына және жаһанның геосаяси бет-бейнесіне де өз бедерін салуы мүмкін. Өзімізбен іргелес шығыс көршіміздегі және әлемдегі көшбасшы держава ортасындағы мұндай елеулі оқиғалардан біз де назарды бөліп әкете алмаймыз. Өйткені, атап өткеніміздей, бұл оқиға алдағы жаһандық жағдайға, соның ішінде бізге де өз әсерімен қатысты болмақ.

Келісімсіз аяқталған келіссөз

Ақ үйдің бас дипломатының сапары кезінде Қытай төрағасы Си Цзиньпинмен, Сыртқы істер министрі Ван Имен жоғары деңгейдегі кездесулер өтті. Түрлі елдің сарапшылары бұл жоғары деңгейдегі келіссөз кездесулерінің мәні мен нәтижесін түрліше түсіндіріп жатыр. Қалай деген күнде де, Америка Құрама Штаттары мен Қытай Халық Республикасы арасында ең негізгі мәселелер сол күйінде келісімсіз қалып қойды. Тіпті, Бейжің мен Вашингтонның бұл келіспеушіліктерді шешуі мүлде қиындап кеткені анық бола түсті.

Блинкен Қытайдан кетер алдында баспасөз мәлімдемесінде келіспеушіліктер туралы анығырақ айтты. Оның сөзінше, АҚШ-тың басты алаңдаушылықтары мыналар: Қытайдың артық қуатқа ұмтылысы жаһандық экономикаға әсер етуі мүмкін, сонымен қоса қос тарап Оңтүстік Қытай теңізі мен Тайвань бұғазына қатысты даулар бойынша пікір бірлігінде емес. Бұның сыртында АҚШ Ресейдің қорғаныс өнеркәсіптік базасын Қытай толықтырып отыр деп санайды. Былайша айтқанда, әскери және азаматтық мақсатта қолданылатын өнімдерді молдап экспорт етуі Вашингтон үшін Украинадағы соғыста Ресейді ашық қолдау қатарлы қабылдануда.

Блинкен сондай-ақ, Қытайды Иран мен Солтүстік Кореяны келіссөзге тартуда өз ықпалын пайдаланып, арағайындық жасауға да шақырған. Әсіресе, Пионянның (Пхеньян) қауіпті зымыран сынақтарын тоқтатып, келіссөз үстеліне келуге делдалдық етуге шақырған. Бірақ бұған қатысты тараптардың келісімге келгені туралы мәлімет жоқ. Тараптар Қытайдың төмен бағадағы экспорттық өнімдері, Тайвань бұғазы мен



Оңтүстік Қытай теңізінің қауіпсіздігі сияқты даулы мәселелерде мүлде келісе алмады.

Бейжіңнің позициясы

Турасында Блинкен сапары қарсаңында Қытай-АҚШ қарым-қатынасы Қытай ақпарат кеңістігінде де көптеп талқыланды. Қытайлық көптеген сарапшылардың мәселеге қатысты пікірі ұдайы жарияланып отырды. Кейбірі келісімге келуді жақтаса, кейбірі қытайлық мүддені табанды қорғап, «өз орнын бекемдеу керек» деген көзқарастарды да ұсынды. Тіпті, бұдан жарты ғасыр бұрын Мао Цзэдуннің АҚШ-пен мәмілеге қатысты ұстанымы да сол елдің интернет кеңістігін кең шарлады. Онда «АҚШ-пен қарым-қатынас жасағанда, жол беруге мүмкіндік болса немесе жол бермеуге мүмкіндік болмаса, оңтайлы сәтті игеру керек. АҚШ үстемдік жасап, орынсыздық танытқан кезде жол беруге болмайды. Құр болса, деңбайбат көрсеткен кезде жол беруге болмайды. Еш нәтиже бермейтін жағдайда жол беруге болмайды. Егер жол беретін жағдайда түбегейлі оң өзгеріс әкелетін болуы керек», – деген Мао.

Кезекті келіссөз кезінде Бейжің ұстанымы бұдан тым алшақ болмағанын көруге болады. Қытайдың ресми ақпарат құралдары хабарлағандай, кезекті келіссөз кезінде Қытай төрағасы Си Цзиньпин «АҚШ пен Қытай өзара табысты байланысқа қол жеткізуі керек», «Бір-біріне зиян тигізбеу негізін-

де, қатал бәсекелестіктен гөрі айырмашылықтарды сақтап отырып, ортақ тіл табысуы тиіс» деген көзқарасын ортаға салған. Бұған қоса, «Бір нәрсені айттып, басқа нәрсені істемей сөз бен істе табанды болуы тиіс» деген ұстанымын білдірген.

Тарихи таңдау жасау кезеңі

Блинкен сапарынан кейінгі АҚШ-Қытай арасындағы белгісіздік бір қырынан 1970 жылдардағы тарихи кезеңге ұқсайтынын аңғарамыз. Ол кезде социалистік лагерьдің көш басындағы Кеңес Одағымен «қырғиқабақ соғысында» тұрған АҚШ Қытаймен мәмілені жақсартты. Бұған Кеңес Одағы мен Қытай арасындағы кейбір келіспеушіліктер де мүмкіндік бергені бар. Сол кездегі Қытай тарапының таңдауы социалистік лагерьдің белгілі деңгейде жарылуына және Мәскеудің оқшаулана түсуіне өзіндік ықпалы болды. Бейжің үшін қазір де таразының бір басында Мәскеу, енді бір басында Вашингтон тұрғандай. Әрі ҚКП-ның ендігі таңдауы алдағы уақыттағы ауқымды геосаяси кеңістікке өз ықпалын жасауы мүмкін. Себебі, АҚШ дипломаты Қытайдың Ресейді табанды қолдауынан бас тартпаған жағдайда қатаң экономикалық санкциялардың қабылдануы мүмкін екенін өз мәлімдемесінде ашық білдірді.

Әрине, АҚШ пен Қытай сынды ірі державалар арасында қазір сақталып отырған келіспеушіліктер көп. Шешуге келмейтін мәселелері де бар. Бірақ оларда қарым-қатынастың осындай құбылмалы кезеңдеріне қатысты өзара түсінік те бар. Сондықтан бір реткі келіспеушілік екі елдің толық жауласуға аяқ басынан хабар бермейді. Байқағанымыздай, қос тарап бір-біріне қатаң ұстанымдарын ашық білдіріп отырса да байланысты тұрақтандыруды негізгі мақсат етуде.

Ақиқатын айтсақ, Тайвань мәселесі, сауда соғысының қайшылықтары, Оңтүстік Қытай теңізі, жаңа технология сынды мәселелерде тараптар әзірге келісе алмайтынын анық түсінеді. Дәл соған ұқсас нәтижесі болса да жоғары деңгейде келіссөз алмасуларын жүргізіп отыруы қажет екенін де жақсы түсінеді. Былайша айтқанда, ортадағы келіспеушіліктер асынып, соны ауқымды жанжалға ұласуынан қос тарап та бірдей қаймығады. Бұған қарап Блинкеннің сәтсіз сапары АҚШ-Қытай арасындағы шешуші келіссөз емес дей аламыз. Алдағы уақытта қос тараптың қандай қарым-қатынас күйіне өтуі Вашингтон мен Бейжің қадамдарынан тыс Ресей, Еуропа, Иран, Солтүстік Корея, НАТО сынды елдер мен ұйымдардың іс-әрекеттеріне де байланысты болуы мүмкін.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЗАМАНАУИ ЖАТАҚХАНА

Алматыда халықаралық стандарт бойынша салынған жаңа студенттер үйі ашылды

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

1 млрд 350 млн теңгенің жобасын «Karazhal operating», «Rise capital», «Daco Motors KZ», «San tyres», «Pine education», «Kazintel group» және т.б. 50-ден астам компанияны, меценат пен инвесторды біріктірген «Mugalim» қоғамдық бірлестігі жүзеге асырды.


Бұған дейін Алматының Бостандық ауданындағы Жароков және Дунаевский көшелерінің бойындағы осы учаскеде 6 жылдан астам уақыт бойы қараусыз қалған ғимарат болған. Ауданы 2 мың шаршы метр және жобалық қуаты 200 адамға дейінгі студенттердің жаңа үйі Йель, Оксфорд университеттері сияқты жоғары оқу орындарының жатақханаларының халықаралық стандарты бойынша салынған, мұнда тұратындар үшін коворкинг-орта-

лық, конференц-зал, Study room, шатырдағы үлкен терраса және т.б. барлық жағдай жасалған.

Жатақхана Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық университеті, С.Демирел атындағы университет және т.б. жоғары оқу орындарының болашақ оқытушы-студенттеріне арналған.

«Жаңа заманауи жағдайда жайлы өмір сүру мүмкіндігінің пайда болғанына қуаныштымыз. Мұнда жобалармен жұмыс істеуге, шығармашылықпен айналысуға болатын коворкинг орталық бар, ол үшін барлық жағдай жасалған. Бұл пәтер жалдауға қалтасы көтермейтін студенттерге таптырмас дүние», – деді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің студенті Жанерке Токтарова.

Сапар барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев бұл нысандардың қаланың әлеуметтік инфрақұрылымын жақсарту үшін маңызы зор екенін атап



өтті. «Мұғалімдердің мәртебесін көтеру үшін уақыт талабына сай қолайлы жағдай жасау маңызды. Заманауи мұғалім тек мұғалім ғана емес, сонымен қатар әдіскер, тәлімгер, тәрбиеші. Қала атынан алғыс айтып, бизнестегі тұлғаларды, меценаттарды осындай маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыруға белсене қатысуға шақырамын», – деді Е.Досаев.

«Mugalim» ҚБ-ның айтуынша, тағы бірнеше білім беру нысанын салу жоспарланған. Жыл соңына дейін Zhibek Dorm қоғамдық бірлестігінің меценаты тағы 100 орынды жатақхана салуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, «Mugalim» ҚБ 110 орынды студенттер үйін (меценат – Yamoto ЖК) және 135 орынды жатақхананы («Кемел» жеке қоры) жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА

Алматыда Қазақстан Республикасының халық суретшісі, мемлекет және қоғам қайраткері Сабыр Мәмбеевке арналған мемориалдық тақта ашылды.

Досбол
АТАЖАН

Ескерткіш-тақта Медеу ауданында Назарбаев және Қабанбай батыр көшелерінің қиылысында, көрнекті тұлғаның өзі тұрған үйдің қасбетінде орнатылды. Мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсіміне Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев, Қазақстан Суретшілер одағының төрағасы Өмірбек Жұбаниязов, өнер қайраткерлері мен тарихи тұлғаның туған-туыстары қатысты.

«Елге еңбегі сіңген тұлғаларға мемориалдық тақта ашқан кезде «бүгінгі күннің тарихы» жазылып жатыр деп әр кез айтып жүреміз. Бүгін Сабыр ағамызға өзі тұрған үйінен ескерткіш-тақта қойылып жатыр. Ол кісі мағыналы да бақытты өмір сүрді деп ойлаймын. Көзін көрген адамдар ұйымдастырушылық қабілеті мықты, көп оқыған адам екенін айтады», – деп атап өтті Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев.

Ал Қазақстан Суретшілер одағының төрағасы Өмірбек Жұбаниязов тарихи тұлға туралы өз естеліктерін айтты.

«Сабыр Әбдірәсілұлы Қазақстан бейнелеу өнеріне өте үлкен еңбегі сіңген аза-

ХАЛЫҚ СУРЕТШІСІНЕ
ҚҰРМЕТ

мат. Ол 20 жылдан астам Қазақстан Суретшілер одағын басқарды. Ол басшылықта болған кезеңде шеберханалар мен суретшілерге арналған үйлер салынды. Жалпы, ол уақытты Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі алтын кезең деп айтақ болады. Жеке естеліктеріме келсек, 1995 жылы Абайдың 150 жылдығына дайындалып жатқан көрмеге іріктеу комиссиясынан менің «Күміс терек» деген жұмысым өткен. Сонда Сабыр Әбдірәсілұлы мені арқамнан қағып, алғысын білдірген. Ол менің болашақ шығармашылығымға үлкен шабыт берді», – деді Қазақстан Су-

ретшілер одағының төрағасы Өмірбек Жұбаниязов.

Айта кеткен жөн, Сабыр Мәмбеев 1956–1962, 1968–1982 жылдары және 1998 жылы Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының төрағасы қызметтерін атқарған. Әр жылдары «Қара кимоно» (1956), «М.О.Әуезов» (1957), «Киіз үйде» (1958), «Менің қаламда» (1960), «Терезе алдындағы қыз» (1961) және өзге де суреттер, пейзаждар мен портреттер жазған. Халық суретшісі туындыларының басым бөлігі Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік мұражайда сақталы.

«ӨНЕГЕЛІ ҰРПАҚ»

«Таза Қазақстан» республикалық экоакциясының «Өнегелі ұрпақ» тақырыптық бағдарламасы және «Алматы – біздің ортақ үйіміз» қалалық науқаны аясында жалғыз тұратын зейнеткер Пана Федоровнаның үйі тазаланды.

«ЖАҚЫНЫҢА
КӨМЕКТЕС»

акциясы аясында
жалғызбасты
зейнеткерлерге көмек
көрсетілді

Ернур
РЫСБАЙ

Зейнеткердің үйі мен ауласын тазартуға Алағатау ауданы әкімдігінің, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қызметкерлері қатысты. Айта кетейік, бұл көмек зейнеткерлерге «Жақынына көмектес» акциясы аясында көрсетілуде.

Акцияның мақсаты – қаланың жеке секторында тұратын жалғызбасты зейнеткерлер мен ерекше аяқталмаған тарап қарт адамдардың аула аумақтарын тазалауға және абаттандыруға көмек көрсету.

«Көрсеткен көмек үшін шын жүректен алғыс айтамын. Сіздерге денсаулық, бейбіт өмір тілеймен, рахмет!», – деп атап өтті аудан тұрғыны Пана Федоровна.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, 866 еріктілер мен қала тұрғындары ардагерлер, жалғызбасты зейнеткерлер, халықтың әлеуметтік осал топтары тұратын 114 үйдің тазалығын қадағалады. Жеке үйлердің аумағы тазартылды, қоршаулар боялды, санитарлық форма мен ағаш отырғызылды, қоршау жасалды.



САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ДАҒДАРЫС

Грузиндік дилемма:

«ШЕТЕЛДІК АГЕНТ» ЗАҢЫ МА,
ӘЛДЕ ЕУРОИНТЕГРАЦИЯ МА?

1 мамырда Грузияның Парламенті «Шетелдік ықпалдың ашықтығы» заңын екінші оқылымда қабылдады. Бұл құжат ақпараттық кеңістікте «шетелдік агент» туралы заң деген атаумен белгілі. Алда үшінші оқылым бар. Заң жобасының бастамашысы билеуші партия – «Грузиялық арман». Елдің Президенті Саломе Зурашвили Парламент заңды қабылдайтын болса, мемлекет басшысы ретінде «вето» қоямын деп мәлімдеген еді. Биыл билеуші партияның негізін қалаушы, әрі кешбасшысы Бидзина Ивинашвилидің ашық саясатқа оралуы мен осы заңды қабылдауға деген талпыныс арасында байланыс бары анық. Себебі, алда парламент сайлауы күтіп тұр.



Б.Ивинашвили заңды қолдау митингісінде (Фотоерек: newsgeorgia).

Идеологиялық текетірес

Батыс пен Ресей арасындағы текетірес тек Украина мәселесінде ғана емес, ақпараттық-идеологиялық сипатта жүріп жатыр. Батыс елдері үкіметтік емес ұйымдар арқылы «жұмсақ күш» стратегиясы аясында әрекет етсе, Мәскеу «шетелдік агент» заңы арқылы өзінің әсер ету аймағына ықпал етуге тырысуда.

Батыс демократия құндылықтарымен қоса, соңғы кездері гендерлік теңдік, абортқа рұқсат беру сияқты тақырыпты дәріптесе, Ресей батыстың үкіметтік емес ұйымдар арқылы әсерді азайтуға әрекет етіп келеді. Қазақстан әйелдер мен балаларды қорғау туралы заңды қабылдаған кезде АҚШ елшілігі біріншілерден болып елімізді құттықтады.

Қытай, әлде Ресей елшілерінен мұндай құттықтау сөз естімедік. Сол сияқты, Ресейдің қорғаныс министрі Сергей Шойгу ақпан айының соңында жиналыс өткізіп, Орталық Азиядағы үкіметтік емес ұйымдардың өз еліне деген өшпенді әрекеттері жайлы мәлімдеуі де бекер емес.

«Шетелдік агент» заңы төңірегіндегі талқы Қазақстан үшін де маңызды тақырыптардың бірі. Себебі, биыл наурызда Қырғызстанда да мұндай талқы өтті. Жоғарғы Кеңес «Коммерциялық емес ұйымдар» туралы заңға «шетелдік коммерциялық емес ұйымдар», «шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың құрылымдық бөлімдері» және «шетелдік өкілдің қызметін атқаратын коммерциялық емес ұйым» ұғымдарын енгізу бастамасын қолдады. Яғни шетелдік агент жайлы жеке заң қабылданған жоқ. Бұл шешім Батыс пен Ресей арасындағы текетіресте екі жақтың да қыспағына түсіп қалмау үшін қабылданған сияқты.

Ивинашвилидің мақсаты – билікті ұстап қалу

Грузияда қабылданып жатқан заң жобасын Қырғызстандағымен салыстыруға келмейді. Онда жеке заң қабылданып жатыр. Бұл жағынан Ресейдегі заңға ұқсас. Бірақ оны қайталайды дей алмаймыз. Себебі, Ресейдің заңы тұтас батыс әлемімен текетіреске арналған. Грузиядағы заң міндетті түрде батыстық қаржыландыру жайлы айтпайды. Үкіметтік емес ұйымдарды Ресей де, Қытай да, трансұлттық компаниялар да қаржыландыруы мүмкін. Және олардың ашық болуы заңды талап.

«Грузиялық арман» партиясының кешбасшысы 70-ке таяған Бидзина Ивинашвилидің заңды қабылдауға ұмтылысының астарында шетелден қаржыландырылатын үкіметтік емес ұйымдардың халық алдында ашық әрекет еткені маңызды дегенге сену қиын. Иә, бұл оның позициясы. Бірақ негізгі

мүддесі бұл емес. Батыс ақпарат құралдары мен билігі айтып жүрген елді Ресейге жығып беру де емес. Оның басты мақсаты – өз билігін сақтап қалу. Кәсіпкер мақсатына жету үшін тіпті көлеңкеден шығып, ашық саясатқа қайта оралды.

Быттыр желтоқсанда Грузия ЕО-қа бақылаушы мемлекет ретінде тіркелді. Билеуші партия 2030 жылға дейін одаққа мүше боламыз деп сайлаушыларға уәде беріп отыр. Мұны Б.Ивинашвили заңды қолдауға арналған митингте тағы да қайталады. Жолы ауыр заң былтырдан бері азаматтық қоғам тарапынан наразылыққа ұшырауда. Бұл жолы да Грузияда наразылық акциялары өтуде. Быттыр неге қабылданбады деген сұраққа келер болсақ, ЕО-қа бақылаушы мемлекет ретінде тіркелу үшін шегініс жасаған сияқты.

Қазақстан не істеуі керек?

Алып елдер мен бірлестіктер арасындағы идеологиялық текетірес жағдайында Қазақстан не істеуі керек? Бұл өте маңызды сұрақ. Себебі, тұтас мемлекет текетірестің құрбаны болып кетуі мүмкін. Алысқа бармай-ақ, Украинаның тағдырын алсақ, Грузиядағы ондаған жылғы идеологиялық дағдарыс Украинада да болған. Онда да басты сұрақ еуроинтеграция ма әлде еуразиялық па болды. Соңы не болғанын бәріміз көріп отырмыз.

Сондықтан Ұлыбританияның әйгілі премьер-министрі У.Черчилльдің «Ұлыбританияның досы да, дұшпаны да жоқ, мәңгілік мүдделері бар» деген қанатты сөздерін ұмытпау қажет. Қазақ қоғамы әлемдік саясатта дос пен дұшпанның жай ғана саяси ойын екенін түсінген кезде есейеді. Демократиялы, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік елге айналу үшін Ресеймен, батыспен, Қытаймен бірге болу шарт емес. Биліктің саяси жігері мен халықтың бірлігі қажет.

Биыл болмаса, алдағы жылдары «шетелдік агент» заңы төңірегіндегі талқы бізде де болады. Су тасқынымен күрес кезінде биыл мұндай мәселе көтерілмейтіні анық. Саяси технологиялық тұрғыдан бұл қате шешім болар еді. Дейтұрғанмен, алдағы жағдайдың қалай өрбитіні туралы қазірден ойланған дұрыс. Біздің ойымызша Қазақстанға Грузия, әлде Украина жолы емес, Қырғызстанның кейсі жақсы мысал болады.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

#БІЗБІРГЕМІЗ!

ЖҮЗ ТОННА
ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК

Данияр Қасқарауов республикалық, халықаралық жарыстардың жалауын желбіретіп, еліміздің мықты спортшыларының танылуына, шет елдерде бақ сынауына септігін тигізіп жүрген тұлға. Кешегі Мұстафа Өзтүрік, бүгінгі аға буың Дәулет Тұрлыхановтар сынды Данияр Алдабергенұлы да өзінің кәсіби жұмысынан бөлек, ел тұрғындарының әлеуметтік жағдайының жақсарғанын қалайды.

Алматы аймағынан сайланған халық қалаушысы қаланың төңірегінде орналасқан елді мекендердің инфрақұрылымдық мәселелерін, ауыз су, жол мен газға байланысты түйткілдерін биік мінберлерден көтеріп, қала тұрғындарын толғантқан өзекті мәселелердің оң шешілуіне әрдайым ұйытқы болып жүр.

Жақында елді дүрліктірген су тасқыны кезінде де Атырау облысына, оның ішінде көп зардап шеккен Құлсары елді мекеніне арнайы барып қайтты. Ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен кезеңде, қол күсырып қалған жан баласы жоқ. Кішкентай бала, еңкейген кәріге дейін сын сағатта тізе біріктірілді. Жұдырықтай жұмылған тұрғындарға жан-жақты қолдау сабалды. Осы қиын кезеңде білек жыбанып

жұмыс атқарғандар қатарында «Alash Pride» басшылары да бар болатын. Олар Құлсарыға арнайы барып, жағдайды көзбен көрді. Жүз тонна гуманитарлық көмектерін жеткізді. Алматыдан аспаздар апарып, топан сумен күрескен құлсарылық ағайынға дастархан жайып, ірі кара мал жығып, ас берді. Одан келе салып Alash Pride FC 96 турнирінің ұйымдастыру шараларын бастап кетті.

Алматыдағы Балұан Шолак атындағы Спорт сарайында Alash Pride FC 96 турнирі басталады. Бұл айтулы хәм дәстүрлі жарыстың құрметті қонағы Федор Емельяненко. Әлемге «соңғы император» деген лақап атпен таныс болған даңқты спортшы «Алаш Прайдтың» негізін қалаған Данияр Қасқарауовтың шақыртуымен келген. Әлбетте үлкен жарыстарға шақырылатын қонақтар болады. Олар келетін елінің спорттық әлеуетін, ұйымдастырушылардың аты мен сойын, шеберлігі мен дәрежесін де бағамдайды. Сол себепті жарыстың салмағы да, деңгейі де арта түседі.

Осыған дейін де дүбірлі додалар ұйымдастырған Мәжіліс депутаты еліміздегі спорт саласын, оның ішінде жекпе-жек түрлерін дамытуға ерекше үлес қосып жүр. Қазақтың даңқын дүниежүзіне танытуға, ел спортының еңсесін көтеруге күш-жүгерін жұмсап, халқымыздың спорттық абыройын арттыруға оң ықпал етіп келеді. Бұл атқарылып жатқан істің бір ширегі ғана. Халық қалаушысының алдағы жоспарлары да ауқымды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«АЛМАТЫ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

САҚ ҚОРҒАҒАҒА
аумағында тазалық жұмыстары жүргізілді

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясы аясында шаһардың жастары, студенттері мен белсенді тұрғындары Наурызбай ауданы әкімдігімен бірлесіп, қоршауларды, қоқыс жәшіктері мен орындықтарды сырлау жұмыстарын жүргізді.

Аталған іс-шара сақ қорғандарының аумағында өткізілді. Науқанға археологтар да қатысып, тарихи орын-

дарды сақтаудың маңыздылығын сөз етті.

– Бұл сақ қорғандары б.з.д. VIII ғасырдағы халықтардың

жерлеу орны болып саналады. Қазіргі таңда аталған жер бізге ескерткіш ретінде қалып отыр. Мұны жас ұрпақ тарихи орындардың қадірін білу керек. Егер төбешіктерді тазалап, әрлеп, сырлап қойсақ, сақ заманының белгісі хәм қорғаны екенінің дәлелі болып ел-жұртқа ұғынықты болады, – деді археолог Жанболат Райымқұлұлы.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



КӘСІПКЕРЛІК

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІП

үлесі Алматыда тұрақты түрде артып келеді

Елдің ішкі нарығы сыртқа тәуелді болмаған кезде ғана дамиды. Сондықтан кез келген дамыған мемлекет үшін шағын және орта бизнестің ролі өте маңызды.

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

АБСОЛЮТТИ КӨШБАСШЫ

Елімізде жыл сайын кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін еңбекке қабілетті азаматтар саны артып келеді. 2024 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша Қазақстанда ресми түрде 2 184 363 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Бүгінгі таңда еліміздегі ішкі өндіріс – ШОБ-тың үлесі 2023 жылмен салыстырғанда 8%-ға өскен.

Егер сол кездегі тіркелген заңды тұлғалардың санатын бағалар болсақ, жыл сайынғы үлесі шамамен 4,5% құраған. Демек, олардың саны 2014 жылдан бастап 353 833-тен 526 290-ға дейін өсіп, яғни 172 457 бірлікке немесе 48,7%-ға артқан. Байқауымызша, негізгі өсім шағын заңды бизнес есебінен артып отыр. Олардың саны жыл сайын орта есеппен 4,6%-ға тұрақты түрде ұлғайып келеді.

Десек те, мамандар шағын кәсіпке қарағанда орта және ірі заңды тұлғалардың бұл бағыттағы өсу динамикасы тұрақсыз болып келетінін айтады. Өйткені, соңғы он жылдықта бұл санаттағы ШОБ үлесі бірнеше мәрте төмендеген. Тіркелген заңды тұлғалардың басым бөлігі көтерме және бөлшек сауда саласында, сонымен қатар автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу бойынша жұмыс істеуде. Бұл топтың үлесі 2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 27,6% құрады. Екінші орында құрылыс саласы (13,3%), ал үшінші орында – басқа да қызмет түрлерін ұсыну (9,9%) қызметтері тұр. Жалпы алғанда, осы үш қызмет түрінің үлесі барлық тіркелген заңды тұлғалардың 50,8%-ын құрап отыр.



Жалпы, елімізде 1 наурыздағы жағдай бойынша тіркелген заңды тұлғалардың ең көп саны Алматыға тиесілі (149 193 немесе 28,3%). Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес күнімен салыстырғанда; 4,9%-ға өскен. Алматыда жұмыс істейтін 147 488 субъектіде 100 адамнан кем емес адам жұмыс істейді. Заңды тұлғалардың саны 116 146 бірлікті құрайды, олардың ішінде 114 546 – шағын кәсіпорындар. Мегалисте тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындарының (заңды тұлғалардың) саны 139 391 бірлікті құрайды және өткен жылдың тиісті күнімен салыстырғанда, 5,1%-ға өскен.

Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, бұл көрсеткіш Алматыдан кейін Астана қаласына, яғни қалада 101 382 заңды тұлға тіркелген немесе бұл ел көрсеткішінің 19,2%, одан кейін Қарағанды облысы (28 715 немесе 5,4%) тұр. Ал ҚР-да тіркелген заңды тұлғалардың ең аз саны Ұлытау (2971 немесе 0,6%), Жетісу (8188 немесе 1,6%) және Абай (8302 немесе 1,6%) облыстарына тиесілі екен.

Ел экономикасы өзге мемлекеттердің өніміне тәуелді болмаған кезде дамиды.

Ол үшін шағын және орта бизнес үлесі 50%-дан асуы тиіс. Сарапшылардың пікірінше, әзірге бұл көрсеткіш бізде ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже көрсетіп отырған жоқ. Дейтұрғанмен, бұл бағыттағы өсімді мүлде жоқ деп айтуға болмас. Қазақстанда ШОБ-ты дамытуға мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау да, қамқорлық та баршылық. Мәселен, қазір елімізде атадан балаға нәсіп болатын шағын кәсіп түрлерімен айналысатын ағайын көп. Ешкінің сүтінен балмұздақ жасау, таза отандық тері өнімдерінен аяқкиім дайындау, қолөнер мен зергерлік бұйымдар, түрлі тағамдар әзірлеу секілді табыс табуға болатын шағын кәсіп жанданып келеді. Олар елімізге анау айтқандай үлкен көлемде пайда әкеле қоймаса да, ай сайын ең болмағанда бір отбасын асырауға жететін мөлшердегі материалдық қажеттілік әкеліп тұр.

ҚР-дағы ШОБ саны бойынша абсолютті көшбасшы республиканың қаржы орталығы және мәдени астанасы Алматы қаласы болып қала бермек. Себебі, мұнда ҚР-дағы секторда тіркелген барлық компаниялардың басым бөлігі шоғырланған.

ИННОВАЦИЯҒА БАСЫМДЫҚ БЕРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Шағын және орта бизнестің қызметімен байланысты процестерді сипаттай отырып, қазіргі заманғы құрылыс материалдарын өндіру жөніндегі ЖШС басшысы Сәуле Омарованың айтуынша, Алматыда нақты экономиканың осы секторын дамыту үшін көптеген алаңдар құрылған.

– Бүгінгі таңда кәсіпкерлерді тіркеу және есеп беру бойынша көптеген рәсімдер айтарлықтай жеңілдетіліп, цифрлық форматқа ауыстырылғанын атап өткім келеді. Бұдан басқа, Алматының индустриялық аймағын құрумен ШОБ жұмысының жаңа перспективалары пайда болды, – дейді Сәуле Омарова.

Бүгінде Алматыда шағын өнеркәсіп паркттері құрылған. ШӨП (шағын өнеркәсіптік паркттер) дегеніміз, бұл – шағын және орта бизнес субъектілеріне бір шаршы метріне 1350 теңге тіркелген жалдау мөлшерлемесімен және үй-жайларды одан әрі сатып алу мүмкіндігімен жалға беру үшін коммуникациялары бар өндірістік үй-жайлар. Қазіргі уақытта Алматыда инвестиция көлемі 13,2 млрд теңге және жалпы ауданы 133,2 мың ш.м. болатын, 2999 жұмыс орнын құрып отырған 29 шағын өнеркәсіптік парк жобасы іске асырылуда.

Оның ішінде 24 ШӨП жобасы Алматы индустриалды аймағының аумағында орналасқан. Инвестициялардың жалпы сомасы – 7,95 млрд теңге, ауданы – 78,4 мың ш.м., 2575 жұмыс орны құрылды.

Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылы Алматы Индустриалды аймағының аумағында 565 жұмыс орнын құрумен он инвестициялық жоба ашу жоспарланып отыр. Тұрмыстық химия және жеке гигиена құралдарын, халықаралық төлем жүйелерінің банк карталарын, арматуралық торды, кварц агломераттарын және профильді құбырларды өндіру, ТБЖ шығару, автомобильдерге арналған электрондық аудио және бейне жабдықтарды, орындықтар мен басқа да бұйымдарды өндіру бойынша зауыттар іске қосылады деп күтілуде.

ҰШҚЫР БӘЙГЕ

АТЖАРЫС МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

Түскен қаражат су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға жіберіледі

Алматы ипподромында ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының қолдауымен және «Қазақ жокей клубының» ұйымдастыруымен биылғы маусымның алғашқы бәйгесі өтті. Жарысқа 9 түрлі аталым бойынша 70 сәйгүлік қатысты. Шабандоздар 1000 метрден бастап, 2000 метрге дейінгі қашықтықта шапты. Бәйгеден түскен қаражат су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге жіберіледі.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Сайыстың аталымдарын атап айтқанда, «Көктем»жүлдесі (ҚР туған жылқылар үшін), «Көктем» жүлдесі, «Ашық» жүлдесі, Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «1 мамыр» жүлдесі, Гандикап жүлдесі (ҚР туған жылқылар үшін), жасөспірімдерге арналған жүлде (ҚР туған жылқылар), Гандикап жүлдесі, Талғат Бигелдинов атындағы жүлде (ҚР туған жылқылар үшін), «Кіріс» жүлдесі. «Көктем» сайысы бойынша 1000 метр қашықтықта Қазақстанда туған тұлпар – Мэрайя жеңімпаз атанды.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жалпы, биылғы маусымға қатысу үшін Алматы ипподромына 240–250 ат әкелінді. Оның ішінде, еліміздің 12 облысынан, жақын шетелден, Америкадан әкелінген аттар бар. Жастары мен жыныстарына қарай әртүрлі бәйгелерге шабады. Ұшқыр бәйгенің ережесі бойынша, жарысқа 12 атқа дейін қатысады. Барлығы сөреден бір мезетте шығуға тиіс. 2 жасар тұлпарлар 1600-ге дейін, 3 жасар аттар 1000–2400

метр аралығында сынға түседі. Ал 4 жастағылар 1000 метрден бастап, 4000 метрге дейін шабады. Ересек аттар шабатын ең ұзақ қашықтық – 4000 метр. Биылғы жүлде қоры – 150 миллион теңге.

«Бұл маусымашар – классикалық бәйгенің 95-кезеңі. Ат жарысын өткізудегі негізгі мақсатымыз – Қазақстанда туған аттардың халықаралық деңгейдегі бәйгелерге қатысуына жол ашу. Бәйге емес, сы-

нақ деп айтуға болады. Ұшқыр бәйгені жаз бойы, күзге дейін өткіземіз. Осы маусымда жақсы нәтиже көрсеткен үздік аттарды шетелге жібереміз. Жарысқа тек құжаттары бар аттар қатысады. Таза қанды ағылшын, таза қанды араб немесе ақалтеке екені анықталып, ДНҚ сараптамасы келгеннен кейін ғана бәйгеге қатысуға рұқсат беріледі», – дейді «Қазақ жокей клубының» төрағасы Мақсат Ахаев.

Алматыда әлемге танымал жалғыз қазақ шабандозы Бауыржан Мырзабаев атындағы тұңғыш жокейлер мектебі ашылды. Мектепте жылқыға жаны құмар, бәйгеге қатысқысы келетіндердің бәрі оқи алады. Әлемдік деңгейдегі тұңғыш қазақ жокейі Бауыржан Мырзабаевтың өзі дәріс береді. Қазіргі таңда 1000-нан астам жарыста жеңіске жеткен әйгілі ирландиялық ардагер шабандоз Диклан Гиллеспі жас жокейлерге дәріс өткізіп жүр.

Маусымның алғашқы бәйгесіне жокей мектебінде оқып жүрген шабандоздар да қатысты. Тіпті, 18 жастағы Сабыржан Майқұрман жеңімпаз атанды.

«Осы жолғы бәйге оңай болған жоқ. Тактика мен техниканы орныммен қолданудың арқасында жеңім деп ойлаймын. Басында асықпай, топтан қалмай, ұстап отырдым. Мәреге 400–500 метр қалғанда тізгінді жібере салдым. Ұшқыр бәйгеге қатысып жүргеніме биыл 4 жыл болады», – дейді жас жокей.

ТӘЖІРИБЕ

«Зорлық-зомбылық жоқ қоғам» әлеуметтік жобасының жұмыс тобы Австрия елінің зорлықпен күрес тәжірибесімен танысып, елге келгенде Вена сапарын түйіндеді. Қоғам қайраткерлері, бизнес және мемлекеттік орган өкілдері бүгін «дөңгелек үстел» басына жиналып, Қазақстанда тұрмыстан бастап, психологиялыққа дейінгі зорлық мәселесін түбегейлі жою үшін қандай шара қолдану қажеттігіне қорытынды ұсыным жасамақшы.

Ернұр
РЫСБАЙ

«Зорлық-зомбылық жоқ қоғам» әлеуметтік жобасы бастау алған бойда Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Әйелдер ісі және отбасы-демографиялық саясатының ұлттық комиссиясы, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, ҚР Оқу-ағарту министрлігі, ҚР Ғылым және жоғарғы оқу министрлігі, ЮНЕСКО клубының қазақстандық федерациясы мен жергілікті атқарушы органдар қолдады.

Өзекті жоба бастамашылары – Алматы әкімі жанындағы Әйелдер ісі және отбасы-демографиялық саясатының комиссиясы, оның құрамында қаланың қоғам қайраткерлері және бизнес өкілдері де бар.

– «Зорлық-зомбылық жоқ қоғам» жобасы бытырғы жылдың желтоқсанында еліміздің мектептерінде балаларға арналған «Балалар зорлыққа қарсы» сурет байқауынан басталғаны кездейсоқ емес. Өнер сайысының нәтижесі көрсеткендей, зорлық отбасынан басталып, қатыгездікке шыдау және оны ары қарай қоғамға балабақша, мектеп және т.б. арқылы тарату осылай жалғасын табады. «Әйел және бала құқығын қорғау мәселесі туралы» заң қабылданды, былай қарасақ, жауыздықты жою үшін осы жеткілікті емес пе? Алайда, құр заң қабылдау жеткіліксіз, бізге қоғамның әр мүшесіне зорлыққа деген қарым-қатынасты өзгертіп, бұрынғыдай қорқынышпен және айналадағы жағдайға бей-жай қарап өмір сүруге болмайтынын жеткізу қажет.

Адамгершілік пен мәдениет білім арқылы

«ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҒЫ ЖОҚ ҚОҒАМ»

Австрияның зорлықты жою жөніндегі тәжірибесі талқыланды

қалыптасады. Осыған орай, қазір ересектер мен балалардың санасына ықпал ететін бірден-бір маңызды тетіктер ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, ҚР Ғылым және жоғарғы оқу министрлігінің және ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолында. Неге десеніз, көпшіліктің санасына тек күшімізді біріктіру арқылы ғана ықпал ете аламыз, біздің қазіргі үйдегі, мектептегі және басқа қоғамдық орындағы мінез-құлқымызды өзгерту ауадай қажеттігіне ойлануымыз керек.

«Зорлық-зомбылық жоқ қоғам» жобасын жүзеге асырушы жұмыс тобындағылар, зорлыққа ешбір шыдамау керек түсінігі мектепке қалыптасатынына, сәйкесінше ұстаз, тәлімгер, тренер – балаға құқықтық құндылықты сіңіретін басты тұлғалар екеніне сенімді. Заманауи өмір салтында білім ошағының зарарсыз болғаны және жас азаматтарымыздың түсінігінде зорлықтың кез

келген түріне еш төзбеді қалыптастырудың маңыздылығы артып келеді. Бұл жұмыс тобының Австрияға сапары кезінде жария еткен ұсынымдарының бір бөлігі ғана.

Бүгінде «Зорлық-зомбылық жоқ қоғам» жобасы бизнестің, қоғамдық институттардың және мемлекеттік органдардың күшті бір ортаға біріктіре алатын мүмкіндігі барын нәтижелі түрде көрсетті. Осылайша жұмыс тобының Венаға сапары нәтижесінде Алматы әкімі жанындағы Әйел ісі және отбасы-демографиялық саясатының комиссиясы мен австриялық Caritas YEY арасында, сондай-ақ Алматы әкімі жанындағы Әйел ісі және отбасы-демографиялық саясатының комиссиясы мен Австрияның «Orient Express» әйелдер қауымдастығы арасында серіктестік туралы келісім жасау көзделген.

Әлеуметтік желіде #мензорлыққа-қарсымын, #япротивнасилия хэштегімен бастау алатын флешмобы «Зорлық-зомбылық

жоқ қоғам» жобасының айрықша кезеңі болмақшы. Ұйымдастырушылар, жобаға белсенді атсалысуға барлық отандастарды шақырмақшы. Бүгінгі «дөңгелек үстелде» жұмыс тобы аталған бастаманы қолдау үшін зорлық-зомбылық жоқ қоғамға ұмтылатын танымал блогерлер, инфлюенсерлер мен қоғамдық пікірді қалыптастырушыларды және барша қазақстандықтарды шақырады.

Еске сала кетейік, алты айға шақталған «Зорлық-зомбылық жоқ қоғам» әлеуметтік жобасы аясында – 2024 жылдың қаңтары мен маусымына дейін қоғамның барлық бөлігін қамтитын бірнеше шара өтті және тағы да өтеді.

Жобаға соңғы нүктені ағымдағы жылдың маусымына жоспарланған Астанада өтетін форум қоймақшы. Ол кезде ұйымдастырушылар бес айлық жұмыс нәтижесін және аталған зомбылық мәселесін ауыздықтаудың нақты амалдарын жариялайды.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Ат спорты мен жылқы шаруашылығы:

ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Қазақстанда ұлттық спорт туралы заң жобасы әзірленеді



Алматыдағы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық аясында «ҚР-да ат спорты мен ұлттық жылқы шаруашылығының қазіргі жағдайы мен даму перспективалары» атты «дөңгелек үстел» өтті.

Жиынға ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ректоры Ақылбек Күршібаев, ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов, Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай, ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманжол Бердалиев, сондай-ақ ҚР Туризм және спорт министрлігінің, ғылыми қоғамдастықтың, спорт клубтарының, ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының өкілдері және оның құрамына кіретін федерациялардың басшылары мен атбегілер қатысты.

Онда спорттық жылқы шаруашылығын дамыту, ат спорты мен ұлттық спорт түрлерінен мамандар даярлау мәселелері

талқыланды. ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының басшысы Исламбек Салжанов өз сөзінде ұлттық спорт саласын реттеу мәселелеріне жеке тоқталып, Қазақстанда осыған дейін бұл саланы реттейтін бірде-бір заң қабылданбағанын атап өтті. «ҚР Ұлттық спорт қауымдастығы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарымен бірге Ұлттық спорт туралы заң жобасын әзірлеу бастамасын көтеріп отыр. Оның аясында Қазақстанда этносportты дамыту үшін жүйелі қолдау шаралары көзделеді», – деді Исламбек Салжанов.

«Дөңгелек үстелге» қатысушылар спорт жылқыларының санын көбейтпейінше, теңге ілу, көкпар, бәйге, аударыспақ, жамбы ату сияқты спорт түрлерін дамыту мүмкін емес, сондықтан спорт ғылымы мен спорттық медицинаға баса көңіл бөлу маңызды деген пікірге келді.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

(Жиында айтылған ат спорты мен жылқы шаруашылығына қатысты өзге де мәселелер туралы газетіміздің алдағы нөмірінен оқи аласыздар).

КЕЗДЕСУ

Алатау ауданындағы №151 мектепте AMANAT партиясының ұйымдастыруымен «Алаш апталығы» аясында «Алаш мұрасы – ұрпаққа аманат» атты кездесу кеші болып өтті. Бұл күні мектеп ұжымы ҚР мәдениет қайраткері, философия ғылымының кандидаты, «Шалқар» радиосының директоры Болатбек Төлепбергенмен кездесті.

«АЛАШ АПТАЛЫҒЫ» БАСТАЛДЫ



Қаламы қарымды қаламгер Алаш арыстары туралы айтып, оқушылар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді. Мектептің 9-сынып оқушысы Сымбат Жұмағұлова мен 8-сынып оқушысы Жидебай Несібелі алаш арыстары туралы жасаған жұмыстарымен таныстырды. Кездесу соңында Болатбек Төлепберген мектеп кітапханасына өзінің «Алаш жұрт», «Азаттық аңсаған» атты кітаптарын сыйға тартты.

Халиса ОРАЗОВА,
№151 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.



ПРЕЗИДЕНТ

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел азаматтарын Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтады.



МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ, ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗ

Әр азаматтың бір-біріне тілеулестігі арқылы бүкіл ұлттың тұтастығын таныта білдік

«Қадірлі отандастар! Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын! Бұл – татулық пен тыныштықтың, тұрақтылық пен бейбітшіліктің символы саналатын мерейлі мереке.

Қазақ жерін мекен еткен сан алуан этностың мәдениеті, діні мен дәстүрі өзара үндесіп, бірегей өркениетке айналды. Бүгінде еліміздің барша азаматтары біртұтас ұлт болып Әділетті Қазақстанды құрып жатыр. Ырысты ынтымақтың арқасында халқымыздың қуаты арта түседі. Сондықтан біз бірлігімізді нығайтуға бар күш-жігерімізді жұмылдыруымыз керек. Бұл – әрбір азаматтың мәртебелі міндеті әрі перзенттік парызы.

Ел бірлігі, әсіресе, қиын-қыстау сәттерде сыналады. Биыл біз бұрын-соңды болмаған «алапат тасқынмен» бірлесе күресіп жатырмыз. Әр азаматтың бір-біріне тілеулестігі арқылы бүкіл ұлттың тұтастығын таныта білдік. Қазақстан халқы тарихтың күрделі кезеңінде жұрт болып жұмылып, табысқа жете алатынын тағы да дәлелдеді.

Халқымыз жесампаздық пен жаңашылдық, еңбекқорлық пен білімпаздық, жанашырлық пен жауапкершілік сияқты асыл қасиеттерінің арқасында өсіп-өркендей береді деп сенемін.

Баршаңызға зор денсаулық, толағай табыс тілеймін! Әр шаңыраққа құт-береке дарысын!», делінген Президент құттықтауында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

КОНЦЕРТ

АЛМАТЫ АСПАНЫН ӘН КЕРНЕДІ

Қалада Бірлік күні мерекесі аталып өтті



1 мамырда Абай алаңында Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік концерт өтті. Салтанатты іс-шараға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қатысты.



Суреттерді түсірген Самаг СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Досбол
АТАЖАН

Мерекелік бағдарлама еріктілерді, азаматтық белсенділерді, Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерін және су тасқынына қарсы күрестің басқа да қатысушыларын марапаттау рәсімімен басталды.

Ерболат Досаев су тасқынынан зардап шеккен азаматтар үшін гуманитарлық көмекті жинауға және жеткізуге белсене атсалысқан Қазақстан халқы Ассамблеясының меценаттарына, сондай-ақ су тасқынына қарсы іс-шараларға қатысу үшін БҚО-ға іссапармен жіберілген еріктілерге, коммуналдық қызметтер мен кәсіпорындардың қызметкерлеріне алғыс білдірді.

Қала басшысының атынан Алғыс хат Қазақстан ұйғырларының республикалық мәдени орталығының төрағасы Долкунтай Абдулхалилге, «Ариана» ауған орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Махмуд Элясқа, «Әзербайжандар қауымдастығы» РҚБ Алматыдағы филиалының төрағасы Гахраман Садиевке, «Алматы корей ұлттық орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Андрей Шинге, «Дунген қазақстандық қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әбубәкір Войницеге, «Мұрас» қырғыз этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Манас

Тәшібековке, Алматыдағы «Ассамблея жастары» РҚБ өкілдігінің кураторы, Алматы қаласындағы ҚХА су тасқыны салдарынан зардап шеккен адамдарға гуманитарлық көмек жинау жөніндегі штабтың басшысы Рустам Қайрыевке, Алматыдағы «Жастар Ассамблеясы» РҚБ өкілдігінің төрағасы Анна Торосянға, Алматыдағы «Жастар Ассамблеясы» РҚБ өкілдігінің мүшесі Омар Мұхаммедсаруарға, ерікті, Алматы қоғамдық кеңесінің сарапшысы Фани Кандиевке, «Алматы тазалық» жүргізуші-механигі Сәкен Ибраимовке, ерікті Оразғали Омарға, «Самұрық Констракшн тобы» самосвалының жүргізушісі Оқас Қуанышқа, «Adala Construction» инженер жолшысы Айдар Сұлтановқа, Алматы-1 станциясының жүк және багажды аға қабылдау-тапсырушысы Шолпан Асановаға табысталды.

Абай алаңындағы концерттік бағдарламаны «ЖасStars» тобының орындауындағы «Ұлы жер» композициясы ашты. Көрермендер үшін этномәдени бірлестіктердің шығармашылық топтары «Әтуғай» ансамблі, «Дервиши» тобы, Анжелика Шағарова, «Наири» ансамблі, «Қазан нұрлары» ансамблі (Татарстан), «Узбегим» ансамблі (Өзбекстан), Руми және Янис, «Бахар» кавказ би ансамблі, «Эламан» дуэті (Қырғызстан), Роман Ким және «МузАрт» тобы өнер көрсетті. Республика сарайының ал-

дында қайырымдылық жәрмеңкесі мен гастро фестиваль өтті. 10-нан астам ресторатор қазақ, түрік, өзбек, корей, неміс, қытай, грузин, орыс, армян, ұйғыр асханасының ұлттық тағамдарын ұсынды. Қаражат су тасқынының салдарын жою пайдасына «Демеу Қазақстан қоры» корпоративтік қорына аударылды.

Мерекелік бағдарлама Maxi Fest қайырымдылық концертпен жалғасты. Сахнада қазақстандық эстрада жұлдыздары Айқын, Қанау, Аугее, Кешью тобы, Илхан Ықсан, Бекзат Құнанбай, Сиситай, «Азия» тобы, Артур Давлетияров, Әйгерім Қалаубаева, Ұланғасыр Қами және ALPHA тобы өнер көрсетті. Сондай-ақ, мерекелік шаралар қаланың барлық аудандарында өтті.

Айта кеткен жөн, Қазақстан халқының бірлігі күнін тойлау аясында Алматы қаласы Туризм басқармасы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Алматы қаласы шекаралық бақылау басқармасымен және Алматы халықаралық әуежайымен бірлесіп, «Қонақтарға қадесейі» дайындады. Халықаралық терминалға келген әрбір жолаушыға қаланың ұлттық ою-өрнектері мен мәдени көрікті жерлері бейнеленген стикерлер түріндегі символдық сыйлық берілді. Шара 6 мыңнан астам жолаушы тасымалдайтын 30-ға жуық халықаралық рейстерді қамтыды.

САЯБАҚ

«АРДАГЕРЛЕР АЛЛЕЯСЫ»

Қазақстан халқының бірлігі күні Жетісу ауданындағы Жангелдин мен Рысқұлов көшелерінің қиылысына орналасқан Жангелдин атындағы саябақ төрінде «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында «Ардагерлер аллеясы» ашылды. Қаламыздағы көрікті саябақтардың бірі саналатын демалыс орны тағы да 100 қылқан жапырақты көшетпен толықты.



Рая
ЕСКЕНДІР

Аллеяның ашылуына ауданда тұрып жатқан Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл және еңбек ардагерлері, зейнеткерлер қатысты.

– Бұл күн біз үшін есте қаларлықтай әсерлі болды. Қаламызда өтіп жатқан «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанына қарттарымыз да өз үлесін қосып, қария екенбіз деп қарап отырмай, қолына күрек алып, көшет отырғызды. Осының өзі жастарға үлгі емес пе? Ендігі біздің айтарымыз, аталмыш науқан тұрақты өтіп отырса дейміз. Мұндай тазалық мерекесінің өтіп



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

тұрғаны баршамыз үшін ауадай қажет. Иә, біз көппіз, қала жалғыз. Қазір біздің ауданда 22 мыңнан астам зейнеткер тұрып жатыр. Солардың қатарында Ұлы Отан соғысының ардагері Илья Кудин өте белсенді. Бүгін осында келіп, «Ардагерлер аллеясының» лентасын қиды. Енді бұл саябақ тек біздің ауданның ғана емес, бүкіл қаламыз-

дың ардагерлері бас қосатын демалыс орталығы болары сөзсіз, – деді Жетісу ауданы Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызы.

Барлық шараға қатысушыларды Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Данияр Әлкебайұлы құттықтап, ардагерлермен бірге көшет отырғызды.



ЖӘДІГЕР

Сандық – киіз үй жиһаздарының бірі. Шеберлер оны қайың, қара тал, емен ағаштарының сүрегінен ойып жасаған екен. Сыртғы темір, мыс, қаңылтырмен, ауқатты адамдар алтын, күмісті ою-өрнектермен, асыл тастармен безендірген, әр түрлі бояумен сырлаған, сүйекпен де қаптаған. Екі бүйірінде тұтқасы болады.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

КӨНЕНІҢ КӨЗІ

Мегаполис төрінен орын тепкен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінде музей қорындағы сандықтар коллекциясы негізінде «Көненің көзі – сандық» көрмесі ашылды. Оған түрлі атауға ие 15-тен астам сандық түрі қойылды. Олардың көпшілігі Орталық музей қорындағы XX ғасырды қамтитын және әр жылдары еліміздің түрлі өңірінен жинақталған сандықтар.

«Көненің көзі – сандық» көрмесінің салтанатты ашылу рәсімінде ҚР Мемлекеттік орталық музей директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Ғ.Теміртон құттықтау сөз сөйлесе, Антропология және этнология бөлімінің аға ғылыми қызметкері Рүстембек Шойбеков және Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының «Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің «Сәндік өнер» кафедрасының оқытушысы, ағашты көркемдеу өңдеу шебері Ерназар Әнуарбекұлы сандық жасау өнерінің ерекшелігін атап өтті.

Көрме ұлттық дәстүрі мен халқының мәдениетін терең танығысы келетін әрбір азаматқа құнды ақпарат берері сөзсіз.

КІЛТІ КІМДЕ?

Бұл тұрмыстық бұйым көшпенді халық үшін өте қолайлы, түйеге артып жүруге ыңғайлы болған.

Сандық алты қанатты киіз үйдің қақ төрінен орын алған. Сол заманның сәнді бір интерьер рөлін де атқарған. Ішіне ең бағалы, құнды деген заттар, тіпті, кісі келгенде алдына қоятын тәттілер де сонда сақталған. Сондықтан аузы құлыпталған. Кілтті үйдің әжесінде болған. Дәлірек айтсақ, ақ кимешекті ана өрілген шашының арасына әшекей орнына сандықтың кілтін тағып жүрген.

Сандықтың үстіне әдемі етіп көрпелер жиналған. Осы орайда қазаққа «Қыздың жиган жүгіндей» деген сөз де бар екенін айта кетейік.

Сандықтың түбі сыз тартып тұрмауы үшін астындағы төрт жағына ағаштан аяқ орнатылған.



СЫНЫ ДА, СЫРЫ ДА САҚТАЛҒАН САНДЫҚТАР

Жағлан, абажа, әржі, бөгіре, кебеже туралы не білеміз?



ШАЙСАНДЫҚ

Жалпы, сандықтың негізгі атқаратын жұмысы – зат сақтау. Олар жасалу материалына, көлемі мен атқаратын қызметіне қарай жағлан, кебеже, абажа, абдыра, әбдіре, ақыретсандық, қолсандық, ағашсандық, сүйектелген, оймышты сандық және т.б. деп аталған. Көлемі шағындау және

неғұрлым кішкене келетін әржі, бөгіре, жағдан, текшесандық деген түрлері де бар.

Кіші сандықтар 30-60 сантиметр болса, үлкендері 60-120 сантиметрге дейін жеткен. Мәселен, шай мен сары май, нан-тоқаш сақтайтын сандықты «шайсандық» десе, киім-кешек, маталарға арналған түрін «матасандық», ал ең үлкенін «жүк-

сандық» деген екен. Жүксандыққа киіз бен көрпе сақталады. Әжелереміз үлкен заттарды абдыра (әбдіре) сандыққа да салып қоятын болған. Ал бөгіребас – кесе, аққұман тәрізді ыдыс-аяқтарды салуға арналған түрі. Көлемі өзге сандықтарға қарағанда кішірек болған.

ҚЫЗ БАҚЫТЫ

Қызы бойжетіп келе жатқан үй оның жасауын күні бұрын жинаған. «Сандық – қыздың бақыты» деген сөз де содан қалса керек. Бағзы заманда жасауы сандыққа сақталған қалыңдыққа бәрі қызыққан деседі. Жасау жиналатын сандық жағлан деп аталады. Онда арудың бір киер киім-кешегі, әшекей бұйымдары сақталған.

Қыз ұзатылғандарға бір жыл қалғанда ата-анасы үйіндегі төр сандыққа сәукеле қойған. Бұл осы үйде ұзатылғалы отырған бойжеткен бар деген белгі болса керек. Иә, қазақ халқы үшін сандық қыз жасауының ажырамас бөлігі болған.

Сандық бұйымы бүгінгі өмірде де құнын жоғалтқан жоқ. Базарда ағаштан ойылып, заманауи үлгіде жасалған түрі жетіп артылады. Және де оны қызының жасауына қосуға ынталы аналар да аз емес. Кейбір үйлерге барсаңыз, төрінде жарырап сандық тұрады. Демек, атадан мирас болып келе жатқан жиһаздың бұл түрі әлі де өміршен.

ӨНЕГЕ

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Әрбір ұлтқа өз діни наным-сенімін ұстанып, өз тілінде сөйлеп, атадан балаға мирас болып келе жатқан салт-дәстүрін сақтауға жағдай жасалған. Бірақ қазақ топырағында туып, қазақы ортада өсіп-өнген өзге этнос өкілдерінің арасында қазақша мақалдап сөйлеп, өлеңдерді жатқа оқып, тек қазақ тілінде сөйлеп жүргендер көп емес. Бүгін біз қазақшасы тап-газа Мустафаев Анар Мехти-оглы туралы айтатын боламыз.

Нұржамал
ЖУМАФАЛИҚЫЗЫ

Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстары бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінде абыройлы қызмет етіп жүрген Анар Мехти-оглы Грузия жерінде, Дманинский ауданында дүниеге келген. Әкесі – әзербайжан, анасы – қазақ, Қызылорда қаласының тумасы.

Алматы қаласындағы Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясын заңтану

АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ

Қазаққа тән болып кеткен әзербайжан жігіті



мамандығы бойынша және магистратурасын бітірген. Анар Мехти-оглы қазақ тілінде білім алған. Сондықтан еркін сөйлейді. Тіл тұрғысында өткен талай жарысқа қатысып, топ жарған азамат. Алғашқы еңбек жолын өз қалауымен қылмыстық атқару жүйесінен, яғни Алматы облысы бойынша ЛА-155/18 колониясында Режим және күзет бөлімінің

бақылаушысы болып бастаған. 2015–2017 жылдар аралығында ЛА-155/8 мекемесінің тәрбие бөлімінде тәрбиеші маман болып қызмет атқарды. Одан 2017–2020 жылдары ЛА-155/6 түзеу мекемесінде тәрбиеші және теолог-маман болып еңбек етті. Ал қазір №11 мекемесінде, яғни жасөспірімдер колониясында Режим және күзет бөлімінің, мекеме

бастығының кезекші көмекшісі деген абыройлы лауазымы бар.

Әділет майоры Анар Мустафаев бөліміндегі қызметкерлердің жүйелі, тыңғылықты, нақты жұмыс атқаруына ерекше көңіл бөледі. Сондықтан да 13 жылдық тәжірибесі бар азамат бүкіл ұжым алдында беделді. Мекемеге жаңадан келген тыңдаушыларға да тәлімгер ретінде білгенімен бөлісіп, жол көрсетіп отырады.

Темірдей тәртіпке төселген әділет майоры мінсіз еңбегі үшін Қазақстан полициясының 30 жылдық мерекесінде ҚР-ның «Полиция» төсбелгісімен марапатталған.

Әріптестері Анар Мехти-оглының бойынан үнемі жылы жүрек, нұрлы ақыл, ыстық қайрат көретінін айтады. Үлгілі отағасы, мейірімді әке. Бір қыз, бір ұл тәрбиелеп отыр. Балалары да қазақ тілінде еркін сөйлейді. Отбасында қазақы салт-дәстүрге де ерекше мән беріледі.

Қарапайым бақылаушыдан мекеме бастығының кезекші көмекшісіне дейінгі дәрежеге көтерілген азаматтың алар асуы әлі алда деп білеміз. Алматының тыныштығына, қауіпсіздігіне үлес қосып жүрген жігіттің өмір жолы, ұстанымы жастарға үлгі болары сөзсіз.



INATURALIST ПЛАТФОРМАСЫ

CITY NATURE
CHALLENGE:

Алматы алғаш рет қалалық жабайы табиғаттың жаһандық байқауына қатысты

26–29 сәуірде әлемнің барлық құрлығындағы 675-тей қалада IX жыл сайынғы City Nature Challenge (CNC) өтті.

Жаһандық іс-шараға тәжірибелі, сондай-ақ қадамын енді бастаған ғылыми еріктілер, табиғат пен ғылымды сүйетіндер қатысты. Бұл шарада жасқа шектеу болмайды, барлық жастағы, сондай-ақ түрлі білімі бар адамдар ауқымды жобаға қатысуға шақырылды. INaturalist платформасы арқылы жабайы өсімдіктер, жануарлар мен саңырауқұлақтардың фотосуретін жіберіп, байқауға қатысты. Сейсенбі – 30 сәуірден, жексенбі күні – 5 мамырға дейін онлайн қауымдастық байқау кезінде суретке түсірілген түрлер сәйкестендіріледі. Бүкіл әлем бойынша бақылаудың жалпы саны зерделенеді. Байқау қорытындысы 6 мамырда жарияланатын болады.

Алматыдағы ұйымдастырушылар – Big Almaty Team еріктілер тобы, Ботаника және фитоинтродукция институты, Зоология институты және «Табиғатты қорғау биологиясының ашық зертханасы» сараптамалық бастамашылы тобы. Байқаудың серіктестері – «Бәрібаев көшесі, №36 үй» кеңістігі. Жаңа Бас жоспарға сай, Алматыда жасыл аймақты үш есе ұлғайту көзделген, бұл жануарлар мен құстардың мекендеу ортасы кеңейетінін білдіреді.


«Қалалық жабайы табиғат – бұл қалалық орта мен нағыз табиғат ұғымдарын біріктіретін феномен. Бұл табиғи процестер адамның тікелей араласуынсыз, өздігінен орбитін қала ішіндегі орындарға қатысты. Қазір әлемнің түкпір-түкпіріндегі ғалымдар қалалық ортадағы табиғатты зерттеуге тырысуда. Биыл жаһандық қозғалысқа Алматы қаласының қосылғаны қуантады», – деп атап өтті «Алматыбасжоспар» ҒЗИ ғылым жөніндегі директоры Ерлан Салтықов.

Алматы – жабайы табиғаттың сирек кездесетін түрлерімен түйісетін ерекше шаһар. Мұнда құстардан арша ементұмсығын, балтажұтарды, қырғауылды, сушылқараны, көкқұсты кездестіруге болады. Былтыр Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен Сайран көлі тазартылды. Көл түбі мен жағасынан 140 мың текше метрден астам қоқыс шығарылды. Қала тұрғындары тазалаудан кейін көлде балықтар пайда болғанын, үйректердің жүзіп, жем іздеп, аққұтандар ұшып келгенін айтады. Сондай-ақ, Алматыдан 30 шақырым радиуста қар барыстары мекендейтіні мәлім.

Ғалымдар бір уақытта барлық жерде бола алмайды, сондықтан табиғат әуесқойларының көмегімен олар көптеген кереметті қолдан сусытып алар еді. IX City Nature Challenge Лос-Анджелес округінің табиғи тарих мұражайы мен Сан-Францискодағы Калифорния ғылым академиясында өткізіледі. Өткен жылы төрткүндік байқауға әлемнің 450-ден астам қаласынан 66 000-нан астам адам қатысты. Қатысушылар iNaturalist-ке 1,87 миллионнан астам табиғат бақылауын қосты. Ғалымдар бұл деректермен қалалық жабайы табиғатты түсіну әрі сақтау үшін пайдалануды жалғастыруда.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, қатысушы қалалардың саны былтыр 450 болса, биыл 675-ке өсті. Бұл – шара тарихындағы ең қарқынды өсудің бірі. Бұл өсім жаһандық бағдарламаға 206 жаңа жоба қосқан Үндістандағы ұйымдастырушылардың қатысуына байланысты болды. Тарихта алғаш рет Қазақстан байқауға қосылды. Натуралистер жарысы Қарағанды мен Алматыда өтті.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСХҰЛЫ.

ЖАПОНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ

сейсмикалық қауіпсіздікке қатысты семинар арқауына айналды

Алматы сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Жапонияның тәжірибесін қабылдауда.

Шаһарымызда Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігінің (JICA) Орталық Азия мен Кавказдағы жер сілкінісі қаупін азайту әрі басқарумен байланысты өткен семинарда Жапония, Қырғызстан, Тәжікстан, Әзербайжан, Түркіменстан, Армения мен Қазақстанның сейсмолог мамандары Орталық Азиядағы түрлі табиғи апаттың қаупі, оның зардабын азайту жолдарын талқылады. Алматы қаласы бойынша Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Нұрлан Атығаев қаламыздың еліміздегі халық ең тығыз орналасқан мегаполис екенін атап айтты. Соңғы 30 жылда қала аумағы үш есеге жуық ұлғайған.

«Алматыда жер сілкінісі, су тасқыны, көшкір, лай тасқыны, сел, қар көшкіні мен экстремалды температура сияқты табиғи және техногендік қауіптің барлық дерлік түрі бар. Жер сілкінісі ең үлкен қауіп төндіреді. Өйткені, бұл екінші қайтара зардапты: көшкінді, лай ағынын тудырады. 23 қаңтар мен 4 наурызда болған соңғы 5 балдық жерасты дүмпулері сейсмикалық қауіпсіздік шараларын қайта қарауға ықпал етті. Республикалық ауқымда технология саласын дамытудың 2024–2028 жылдарға арналған кешенді жоспары әзірленді. Бұл құжат Алматы сейсмологиялық учаскесіндегі барлық сейсмикалық станцияны күрделі жөндеуді қарастырады. Шетел мемлекеттерінің, соның ішінде Жапонияның тәжірибесіне сүйене келе, сейсмикалық толқынның жақындағаны туралы сигналды қабылдау мен мобильді қосымшаның көмегімен тұрғындарды ерте құлақтандыруға арналған автоматтандырылған хабарлау жүйесін енгізу жөніндегі жұмыстар жүргізілуде», – деп мәлімдеді Н.Атығаев.

Сонымен бірге, Департамент бастығы Алматы қаласындағы алты және одан жоғары балдық жер сілкінісі кезінде ықтимал жағдайды модельдеу мен бағалауға байланысты жыл соңына дейін 3D картасын әзірлеуді аяқтау жоспарланып отырғанын айтты. Сонымен қатар, дүмпудің әсерін азайту үшін сейсмикалық аймақтардағы құрылыс нормасы қайта қаралған. Бұл ретте ғимараттарды сейсмикалық тұрғыдан нығайту жұмыстары жүргізіліп, тозығы жеткен ғимараттар бұзылууда.

Ресми мәліметке сүйенсек, Алматы аумағын сиренамен 100 пайыз қамтуға

қатысты қосымша жұмыстар жүргізілуде. Халықты хабардар ету мен оқытуды жақсарту аясында ПИК пен жеке сектор тұрғындары арасында ақпараттық жұмыс үздіксіз жүргізілуде. Сейсмикалық сынақтар жүйелі түрде жүргізіледі.

Жапондық әріптестер Алматыда жүргізіліп жатқан алдын алу жұмыстарын жақсы бағалап, әлемде табиғи апатты, соның ішінде жер сілкінісін болжайтын бірде-бір технология жоқ екенін атап өтті.

«Жер сілкінісін болжау өте қиын. Сондықтан ең алдымен, барлық нысанды нақты жер бедеріне бейімдеу қажет. Осындай инновациялық идеяның бірі – Жапонияда белсенді түрде қолданылатын сейсмикалық оқшаулау жүйесі. Осының арқасында ғимараттар іргетас деңгейінде оқшауланады. Сейсмикалық күшті басатын арнайы механизмдер орнатылуда», – деп атап өтті JICA штаб-пәтеріндегі Орталық Азия және Кавказ департаменті директорының орынбасары Хисақацу Окуда.

Алматыда ғимарат пен құрылыстарды нығайту жұмыстарын бастауға кеңес берілді. Бұл – аса маңызды шара. Шетелдік білікті мамандар мұндай кездесуді қолдайтынын білдіріп, жер сілкінісі секілді қауіпті аймағы бар елдердің дайын болғанын қалайтынын айтты. Қолдау көрсетіп, тәжірибе алмасуды жалғастыру ниетін жеткізді.

Алматыда Кеңес Одағы кезінде салынған сейсмикалық оқшаулау жүйесі бар 40 ғимарат қолданыста. Оған қоса, 1990 жылдары эксперимент ретінде салынған үш ғимаратқа сейсмикалық станциялар орнатылған. Ал биылғы жер сілкінісі кезінде сол үйлердің бірінде осындай механизм жұмыс істегені байқалды. KAZNIIIS өкілінің айтуынша, қазір қалада сейсмикалық оқшаулау жүйесін қолданатын тұрғын үй мен ауруханаларды жобалау, салу мәселесі зерттелуде.

Алматылық сейсмологтардың айтуынша, мегаполисте жағдай тұрақты. Сонымен қатар, былтырдан бастап Алматыдағы барлық ғимараттың сейсмикалық төзімділігіне сараптама жүргізілуде. Әлбетте, бұл толық көріністі көру мен жер сілкінісіне дайындыққа мүмкіндік береді. Соның қорытындысымен жергілікті атқарушы органдар сейсмикалық күшейтуге жататын нысандар тізімін жасады.

Сейсмологиялық бақылау және

зерттеу ұлттық ғылыми орталығының директоры Дәулет Сәрсенбаев сәуір айының басында болған 2–3 балдық жер сілкіністері биылғы 23 қаңтарда Қытайда болған жер сілкінісінің афферлік дүмпулері екенін атап өтті. «Жерасты дүмпуі – жер астынан шығатын энергия. Мұның ұзақ уақытқа созылуы, сезілуі мүмкін», – деп атап өтті Дәулет Сәрсенбаев.

Сейсмологтар Түркияда былтыр болған жойқын жер сілкінісінен кейін дүмпулердің жалғасып жатқанын баса айтты. Қазақстандық станциялар көршілес елдерде болып жатқан сейсмикалық оқиғаларды да бақылайды. «Алматыда жылына орта есеппен 300-ге жуық жерасты тербелісі тіркеледі. Бұл көрсеткіш соңғы алты жылда бұрынғы деңгейде қалып отыр», – дейді сейсмо-мамандар.

Шыны керек, табиғи апаттар, соның ішінде зілзала, түрлі деңгейдегі тасқын су кезінде, ең алдымен адамдардың бір-біріне мейірім де қайырымы – қиындықтан шығудың төте жолы. Шаһарымыздың шырқын бұзған өткен жолғы дүмпу біраз нәрсені ұқтырғандай. Әлеуметтік желіде алматылықтардың адамгершілік қасиетін аңғартатын біраз көрініс байқалды.

Абыр-сабыр кезінде жастар қарттардың қолтығынан сүйсіп, балалы әйелдерге көмектесіп жатты. Әрине, көпшілік болған соң әркілі адамдардың болатыны мәлім. Жолақысын көтеріп, қатты сынға іліккен таксистер де болғаны рас. Пендешілік қой, олар да ашы сыннан сабақ алған болар деген ойдамыз. Мұндайды қазақ «Қайғы бөліссе, азаяды» деген ғой.

Бұл ретте жапондағы жапон ағайындардың адамгершілік қасиеті үлгі тұтарлық-ақ. Фукусиме апатын, цунами тасқынын да жапондықтар сабырмен, салқынқандылықпен қабылдады. Қираған, су басқан үйлерден алынған іске жарамды дүниені жинап, табылған ақшаны өзін тасқа бастырып қоюы – неткен мәдениеттілік. Бұл дүниелердің де иесі, мұрагері бар дегенді білдіреді.

Жапония негізінен төрт аралдан: Хюсю, Хоккайдо, Хонсю, Сикокуден құралған. Қалғаны жүздеген ұсақ аралдар. Алаш арыстары да Жапонияны бекерге үлгі тұтқан жоқ. Жағрафиялық жағынан жұқалтаң болса да, тәжірибесі толысқан Жапониядан үйренеріміз көп-ақ. Техногендік апат та, табиғи апат та уақыт талғамайды, шекарамен шектелмейді. Сондықтан мүмкіндігінше сақандай сай болғанға не жетсін.

Бетгі әзірлеген
Айнабай МӘДІ.



СӘТТИ ОТА

КҮЙІКТІҢ АЗАБЫН ТАРТҚАН

Алматыда №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының базасында сирек кездесетін аяқ-қолдың сирек патологиясы бар, қолында қатты күйіктен кейін тыртық қалған балаларға ота жасалды. Операция кезінде барлық клиникада кездесе бермейтін тың технология қолданылды.

БАЛАЛАР ҚАЛЫПТЫ ӨМІРГЕ ОРЛАДЫ

«Шеберлік дәрісі аясында бірлескен оталарды қазақстандық дәрігерлер мен аяқ-қол микрохирургиясы бойынша әлемдік деңгейдегі маман, Мәскеу қаласындағы Ресей халықтар достығы университетінің Травматология және ортопедия кафедрасының профессоры Игорь Голубев жасады. Біз бірге туа біткен және жүре пайда болған аяқ-қолында ақауы бар төрт балаға ота жасалды. Бұл негізінен, балалардың сапалы өмір сүруіне кедергі келтіретін күйіктер мен тыртықтар болатын», – дейді Алматы қаласының №2 ҚБКА директоры Марат Рабандияров.

«Төрт жасар Серік Мүслім термиялық күйіктің ауыр зардабын тартқан. Оған бірнеше жыл бұрын ота жасалған болатын. Енді қанмен қамтамасыз етілген тінді аяқтағы күретамамырға трансплантациялау қажет болды. Нәтижесі

жақсы: білектен кемістік жойылып, қол еркін қозғалуы үшін көп жақарақтанбаған бас бармақпен жұмыс істедік», – дейді травматолог-дәрігер Ұлжан Солтанбекова.

Тағы бір кішкентай науқас Айғаным Нұрбекқызына «термиялық күйіктің салдары» деген диагноз қойылған. Анасы бір жасында қызының аяқ-қолы қайнаған суға күйгенін, кейін жаралар толық жазылмай, аяқ бақайының бүгілуіне кедергі келтіретін тыртықтың пайда болғанын айтады. Отадан соң қыздың оң тізесінің буыны бүгілетін болды, науқастың анасы дәрігерлерге алғыс айтып, Айғанымның бақайының қозғалғанын бүкіл отбасы болып күткенін айтады. Қазір ол еркін қозғала алады, отадан кейінгі қалпына келу ем-шарасын қабылдап жатыр.

«Бұл жолы емделуі өте қиын және басқа мүшеден тіндерді енгізуді қажетсінетін күйіктің салдарын жоюмен айналыстық. Атап айтқанда, кеше біз ыстық пешті қолымен ұстап алып, барлық саусағы бүрісіп күйіп қалған балаға ота жасалды. Біз барлық клиникада кездеспейтін эксклюзивті технология қолданамыз. Балалармен және сезімтал тіндермен жұмыс істеуде әр миллиметр маңызды рөл атқарады. Біздегі барлық клиникалық жағдайдың сирек кездесетінін ескерсек, әрбір ота өзінше ерекше», – дейді мәскеулік профессор Игорь Голубев.

Қазіргі уақытта ота жасалған барлық бала өзін жақсы сезінеді. Дәрігерлер оларды 7–10 күн бойы стационар жағдайында бақылап, кейін біртіндеп ауруханадан шығаратынын айтып отыр.



МАМАН КЕҢЕСІ



ЖҰДЫРЫҚТАЙ ЖҮРЕК

жаман әдеттерімізден де зардап шегеді

Қазір әлемде жүрек-қан тамырлары аурулары өлімнің негізгі себебінің біріне айналды. Оның көпшілігі біз түсінбейтін не елемейтін жаман әдеттермен байланысты. Алматы қалалық Кардиологиялық орталықтың кардиологы Ақнұр Арыстанова кеудемізде соғып тұрған жүрегімізді «өлтүретін» жаман әдеттер туралы және олардан қалай арылуға болатынын айтып береді.

Ең алдымен, маманның баса айтқаны, аса зиянды әдет – шылымқорлық.

«Никотин және темекідегі басқа заттар атеросклероз және миокард инфарктісі сияқты жүрек ауруларының даму қаупін арттырады. Сондықтан темекі шегуден бас тарту – жүрегіңізді қорғаудың ең жақсы тәсілдерінің бірі», – дейді Ақнұр Арыстанова.

Одан кейінгі себеп – дұрыс тамақтанбау. Майларды, қантты, тұзды және өңделген тағамды шамадан тыс тұтыну семіздікке, қысымның жоғарылауына және жүрекке қауіп төндіретін басқа факторларға әкелуі мүмкін. Жүректі сақтау үшін жеміс, көкөніс, дәнді дақылдар және майсыз ақуыздарды көбірек тұтынған абзал.

Көп қимылдың жоқтығы да жүрек-қан тамырлары ауруларының даму ықтималдығын арттырады. Алкогольді шамадан тыс тұтыну да жүрекке кері әсер етеді. Ішімдікті көп мөлшерде ішу қан қысымын, холестеринді жоғарылатып, аритмия мен басқа да жүрек проблемаларының даму қаупін арттыруы мүмкін. Үнемі күйзелісте жүру де жүрекке теріс әсер етеді. Бұл қысымның жоғарылауына, жүректің әдеттегіден тыс соғуына әкеледі.

Жалпы, жоғарыда айтылғандардың бәрін ескере отырып, жүректі сақтау үшін жаман әдеттерден аулақ болу және салауатты өмір салтын ұстану қажет. Тұрақты медициналық тексерулер, дұрыс тамақтану, физикалық белсенділік және темекі шегуден бас тарту жүрек-қан тамырлары ауруларының қаупін азайтуға және ұзақ жасауға көп болу алады.

СҰРАҚ-ЖАУАП

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТКЕРІ

үйге кіргенде неге бахила кимейді?

Бұл сауал әлі де өзекті. Себебі, жедел жәрдем шақыратындар әлі де екі топқа бөлінеді: біріншісі – медицина маманы үйге аяқкиімімен кірді ме, әлде шешіп кірді ме, ол маңызды емес, шұғыл түрде алғашқы көмек алса болды; ал екінші топтағылар – жедел жәрдем қызметкерлері болса да олардың үйге сыртқы аяқкиімімен кірмегенін қалайтындар, тазалықтың сақталғанын дұрыс көретіндер. Сонымен, қайсысы дұрыс? Бахила кие ме, кимей ме?



Киюге міндетті емес екен. Нақтырақ айтсақ, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Қазақстан Республикасында медициналық көмек көрсету ережесін бекіту туралы» 2020 жылғы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығын шығарды. Онда бахилалар қажетті медициналық мақсаттағы бұйымдар тізбесіне кірмейді және медициналық жедел жәрдем қызметкерлерін бахила киюге міндеттемейді деп жазылған. Енді толық тарқатып көрейік.

Иә, пәтерге кіреберісте науқастың туысы агрессивті түрде бахила киюді талап ететін жағдайлар кездеседі. Ал келген фельдшер еңкейіп аяқкиімінің бауын шешіп, қайта киіп жүргенде, науқас адамнан айырылып қалуымыз да ғажап емес. Яғни науқасты жедел ауруханаға жеткізу кезінде бахиланы киіп-шешу артық уақыт алады. Сондай-ақ, төтенше жағдай кезінде дәрігер ғимараттан жылдам шығуы керек, ал бахила тайғақ болғандықтан, одан жарақат алып қалуы әбден кәдік.

Жедел жәрдем бригадасының жұмысы, аты айтып тұрғандай – адамға шұғыл медициналық көмек көрсету. Ал ЖЖ қызметкерінің аяқкиімі санитарлық нормаларға аса зардап тигізбейді және ол қызмет сапасына әсер етпейді дейді сала мамандары.

Демек, бізге жедел жәрдем қызметкер-

лерінің тәулік бойы жұмыс істейтінін ұмытпау маңызды. Бір күнде олар қоңырау түскен ондаған үй, пәтерге барып қызмет көрсетеді. Сондықтан қауіпсіздік техникасы ережелеріне және жылжымалы бригадалардың регламентіне сәйкес, медициналық жедел жәрдем қызметкерлерінің шұғыл әрекет ету барысында жарақат алып немесе мертігіп қалуы үшін аяқкиімін шешуге және бахила немесе целлофан қаптарды киюге тыйым салынады. Сондай-ақ, диспетчер бұйрыққа сәйкес қоңырау шалушыға бригада аяқкиімін шешпейтінін, бахила кимейтінін, пәтерге кіреберісте еденге шүберек төсеу керектігін ескертеді. Дабыл парағының артқы жағында медициналық жедел жәрдем шақыру ережелері туралы мемлекеттік және ресми тілдерде ақпарат бар, онда жедел жәрдем бригадасының негіздемесімен бахила, полиэтилен пакеттерін кимейтіні көрсетілген. Бригада келгеннен кейін дәрігер пациентке дабыл қағазын береді.

Айтпақшы, медициналық жедел жәрдем шақырылған сәттен бастап мына қағидаларға ерекше назар аудару қажет: мекенжайды нақты көрсету; диспетчердің негізгі және қосымша сұрақтарына нақты жауап беру; науқасқа кедергісіз қол жеткізуге мүмкіндік беру.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Павел БУРДА,
Алматы қаласы «Медициналық жедел жәрдем қызметі» директорының орынбасары:

ДӘРІГЕР УАҚЫТ ЖОҒАЛТПАУҒА ТИІС

Күзде көшелер, жолдар жауын-шашынның салдарынан ылғалды, ал қысқы маусымда көктайғақ болады. Бұл «Медициналық жедел жәрдем қызметі» үшін де аса күрделі кезең саналады. Жолдағы көлік кептелістері де жағдайды қиындатады. Тіпті, жол үстінде «Жедел жәрдем» көлігіне жол бермейтін жүргізушілер де жоқ емес. Ал бұл жағдайлардың бәрі өз кезегінде жедел жәрдем көлігінің уақытылы жетуіне кедергі келтіреді. Қандай сәт болмасын, шақырту алған бригада қалайда шұғыл әрі білікті қызмет көрсете білуге тиіс. Сондықтан дәрігерлер тұрғын жайға аяқкиімдерін шешпей кіре береді.

Осы ретте медицина қызметкерінің кәсіби қызметіне кедергі келтіргені үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделгенін де айта кетейік. Егер пәтер иесі науқастың денсаулығына ғана емес, үйдегі тазалыққа да алаңдаса, онда дәрігердің келуіне алдын ала дайындалуға болады. Мысалы, дәрігер аяқкиімін сүрте алуы үшін кіреберіске ылғалды шүберек төсеу қойғаны дұрыс. Әйтпесе, кілемнің бір бұрышын адам жүріп өтуге ыңғайлы болатындай қайырып қоюға немесе еденге қағаз төсеген абзал. Не болмаса дәрігерге науқасты төсеніші жоқ бөлмеде қарауға жағдай жасаған абзал. Үй ауласында байлаусыз ит жүрмегені де дұрыс. Мұның бәрінің жедел де сапалы қызмет көрсетуге септігін тигізетіні сөзсіз.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



МӘДЕНИ МҰРА



БАСКИМ

қазақ үшін ерекше құнды және киелі саналады

Қазақ халқының ұлттық киімдерінің ішіндегі төресі мен киелі санатқа жататыны – баскиім. Мәселен, ерлер киетін баскиім – жігіттердің ажалын арттырып, ерлік рухын көтеріп, бітім-пішінін көрікті етіп көрсетеді. Ал қыз-келіншектер киетін баскиім – нәзік-жандылардың сымбатына сән беріп, сұлу мүсінін одан әрі көрікті етеді, аппақ айдай ажарын аша түседі.

Ата-бабаларымыз «Баскиімде – бастың бағы тұрады, ажарлы баскиім киген батырдан жауы ығады, жақсылық атаулының тұрағы адамның маңдайына жазылады» деп ырымдаған. «Баскиім – бас пен үйдің құты мен берекесін сақташы, бактың тұрағы бол» деп қадір тұтқан. Қазақ баскиімі аяқ жаққа тастай салмайды, төңкеріп не теріс аударып қоймайды, табанға басып таптамайды, үстінен аттамайды, әрдайым басына киіп жүрген баскиімін жат адамға сыйламайды, бақ-дәулет ауысу, бедел кету, абырой түсу содан болады деп сенген. Баскиімді жоғары жерге іліп құрметтеген. Ал тозған баскиімді күресінге тастамаған, ақ тамызып отқа өртеп, күлін адам баспайтын биік жерге көміп тастайтын көне ырым болған.

Сондай-ақ, қазақтың ежелгі ғұрпында тымаққа аяқ тигізбеген. Жақсы кісілердің тымағы атадан балаға мұра болып қалып отырған. Шала туған баланы тымаққа салып өсірген. Оның себебі: шала туған сәби ұстауға, бесікке бөлуге келмейді. Ал тымақ жылы әрі ұстауға, баланы бағып өсіруге өте ыңғайлы болған. Сәбидің неше күні кем болса, сонша күн керегенің әр басына ілініп қойып, күнді кереге басы арқылы есептеген. Біреуге бас ұрғанда, оның аяғына тымағын тастап кешірім сұраған. Оны «Тымақ ұру», не «Тымақ тастап кешірім сұрау» деп атаған.

Қызды алып қашқан кезде, қызды қуып келген қуғыншы құдалардың аяғына тымағын тастап, кешірім сұрап, құда болуға ниет білдірген. Сонда қыз жақ құда разы болса, тымақты жерден алып биікке іліп, қарсы жақ құданың басына өз қолымен кигізіп, разылықпен құда болуға мақұлдығын берген. Егер құда болуға разы болмаса, онда тымақты баспай, айналып өтіп, қыздарын қолынан жетектеп ертіп кететін болған.

Қазақтың баскиім тігетін тігінші шеберлері баскиімді адамдардың жасына, жынысына, дәрежесіне, атақ-даңқына, кәсіптік шаруашылығына, аймақтық ерекшеліктеріне, уақыттың маусым ауысымына қарай сәндеп, көріктеп, ұлттық үлгісін қатаң сақтап, тігу стилін бұзбай тігіп, ұрпаққа асыл мұра етіп қалдырып отырған.

Қазақта «Дос – басқа, дұшпан – аяққа қарайды» деген мақал бар. Осы бір ауыз маржан сөзден талай ғасырлық аяқкиім мен баскиім үлгісіне жасырынған, адам мінезіне сіңіп кеткен ұлттық идеологияның, философиялық дүниетанымның толағай құпия сыры мен тарихи мән барын бірден түсінеміз.

Негізінен хан, сұлтан, бай, патшаларға арнап тігілген баскиімдер Алтын Орда дәуірінен бастау алған. Мәселен, мұрақты тек Шыңғыс ханның ұрпақтары саналатын төрелер ғана киетін болған. Кейін XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап «қарасүйек» баскиімді қазақ шонжарлары да кие бастаған. Сол замандардағы дәстүрлі наным-сенім үстемдік орнатып тұрған кезде, адамдар арасында мынадай ұғым қалыптасқан. Шаш – жанның тұрақтайтын мекені, ал баскиім оның қорғаушысы деп ұйғарған. Сосын әр пенденің шаш қойысы мен баскиімінің өзгеруі – оның рухының жетіліп, ақыл-ойының толысуын көрсетсе, баскиім киісі мен аяқкиімінің пішіндік көрінісі оның жан әлемінің қалпын білдіреді деп таныған.

Ал қыз баланың жасының өсуі мен орнының ауысуына байланысты «сәбилік шақ», «бүлдіршін шақ», «қыз-бойжеткен шақ», «келіншектік шақ», «аналық шақ», «апалық шақ» деген секілді әлеуметтік мәртебесі жиі өзгеріп отыратын болған. Өмір толқындарына бөліп қарап, әр шақтағы бас киімін соған орай өзгертіп тігіп отырған.

Қыз-келіншектердің баскиімдеріне міндетті түрде тіл-көзден сақтайтын үкі қауырсыны мен көз тастарын тағатын болған. Ол бір жағы баскиімінің сәні мен сәулетін кіргізсе, екінші жағы әйелдер нәзікжанды болғандықтан, оларға тез тіл мен көз тиетінін ескеріп, баскиіміне маржан тастар, алтын, күміс, үкі қауырсынын тағып қоятын-ды. Олар тіл мен көздің сұғынан қалас болады деп ырымдаған.

Қазақта «қалпағы қарағайдай екен» деген теңеу сөз бар. Мұрақ – лауазымды адамдар киетін, екі жағы қошқар мүйізденіп келген, салтанатқа ғана арналған қалпақ түрі. Соған қарап-ақ халық дүйім жұрт арасынан мансапты адамды айыра білген. Оюлап, өрнектеп, әртүрлі алтындаған, күмістелген жіптермен зерленеді. Мұрақты әр жерде әртүрлі атпен «Айыр қалпақ», «Сәукеле қалпақ» деп те атаған.

Мұрақты киюдің өзіндік тәсілі болған: оны тік арнайы тігілген шошақ қалпақтың сыртынан киетін болған. Баскиімнің бұл түрінің тек ғұрыптық, салтанаттық қана маңызы болғандығы сондықтан. Өкінішке орай, мұрақтың қазіргі қолданысы мен жасалу техникасы дәстүрлі үлгіге мүлдем келмейді.

Мұрақты – адамдар жай уақытта көп кимейді. Үлкен той-ас, мереке-мейрам, ғұрыпты, салтанатты құрылтай-жиналыстарда киеді. Өйткені, мұрақ өте әсем де сәнді, аса қымбат бағалы материалдардан, ерекше ою-өрнекпен әсемдеп мұқият тігіледі.

Қазақта «Мұрақ киген хан-сұлтан, салтанатын көрдік бұл тойдан», «Мұрақ – мұрақ деменіз, мұрақ баста болғанда, қарамын әсте деменіз», «Хандар киер мұрақты, қараша киер құрақты», «Баскиім абзалы – мұрақ, көрпе абзалы – құрақ» деген сөз тіркестері бар. Өз заманында мұрақ қалпақты ел басы хан-сұлтан, төре, билер киген екен.

Болат БОПАЙҰЛЫ,
этнограф.

(Жалғасы бар).

ҰЛАҒАТ

Ғасырмен
құрдас әжеБиыл 100 жасқа толған
Сәруар Ғаниқызы
Мұхаммадееваны жастарды
шабыттандырудың
үлгісі деуге болады

Ол өмірінің жарты ғасырында Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік ғылыми-өндірістік институтында адал қызмет еткен аяулы жан. Бүгін мерейтой иесін бұрынғы әріптестері үйіне барып құттықтап, денсаулық тіледі.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Сәруар Мұхаммадееваның еңбек жолы жоғары жауапкершілікпен, кәсібилікпен және адалдықпен ерекшеленеді. Еңбек кітапшасындағы жазғыз жазба оның жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік ғылыми-өндірістік институтында 50 жыл бойы табанды да табысты еңбек еткенін көрсетеді. Осы уақыт ішінде ол жас маманнан әріптестерінің құрметіне ие болған абыройлы, жоғары білікті қызметкерге дейінгі жолдан өтті», – дейді көп жыл бойы Сәруар Ғаниқызы еңбек еткен ғылыми зерттеу институтын басқарған еңбек ардагері, ҚР ҰҒА академигі Зайролла Дүйсенбеков.

Сәруар Ғаниқызы жерге орналастыруда инновациялық әдістер мен технологияларды әзірлеуге және енгізуге елеулі үлес қосты. Оның кәсібилігі мен тәжірибесі ол қатысқан барлық жобада табысқа жетудің ажырамас факторлары болды. Оның әріптестері мен басшылары оның кәсібилік, жауапкершілік және ұқыптылық деңгейін әрқашан жоғары бағалады.

Осындай жанды ұмыту мүмкін емес. 100 жасап отырған қария барлық құрметке лайықты. Қазір Сәруар әжей қызы Ләйла Кокубаеваның қамқорлығында.

«Сәруар Ғаниқызы айналасындағы жандардың отбасылық жағдайына да алаңдап, қамқор болып жүретін. Қаниама жастың материалдық жағдайының жақсаруына өлшеусіз үлес қосты. Ал өзіне келгенде пәтер сұрап немесе дербес зейнетақы аламын деп ұмтылмаған жан. Бұл қасиеті көпке үлгі болуға тиіс», – дейді 40 жылдай бірге жұмыс істеген әріптесі Бакыткүл Дүйсенбекова.

Ал ДАПОиКІР директоры Болат Жылқыбеков: «Біз жерге орналастыру саласына үлес қосқан аға ұрпақ еңбегін ұмытпаймыз. Сәруар Ғаниқызы еңбек еткен мекеме бүгінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы құрамында. Корпорация басшылығы осы салаға жетекшілік ететін Басқарма төрағасының орынбасары Ғалым Қарқынбаевтың тапсырмасымен ардагерімізді мерейтойымен құттықтап, басшылықтың медалі мен құттықтауын тапсырды. Аға ұрпақтың өнегелі ісі жастарға әркез үлгі және ұмытылмақ емес», – деген ықыласын жеткізді.



ЖАС ТАЛАП

«СИҚЫРЛЫ ӨНЕР ӘЛЕМІ»

Биыл сценарий алғаш рет жасанды интеллект көмегімен жазылды

Қаламыздағы №83 өнер мектебінің жас таланттары өз көрермендеріне тағы да қуаныш сыйлады. Жыл сайын оқу жылының қорытындысы ретінде өтіп отыратын «Сиқырлы өнер әлемі» атты есеп беру концертін биыл №6 Оқушылар үйінің концерт залында өтті. Аталмыш гимназияның бейінділік бөлімі ұйымдастырған концерт үлкен аншлаппен өтті.



Фойеде көрермендерді Владислав Алимпевтің жетекшілігіндегі үрмелі аспаптар оркестрі қарсы алып, ұлттық, классикалық және заманауи шығармаларды орындады. Концерт басталмас бұрын көрермендер мектеп оқушыларының көрмесін тамашалады. Бейнелеу өнері бөлімінің оқушыларының қыл қаламынан туындаған көркем шығармалар келушілерді бей-жай қалдырмады. Олардың ұшқыр қиялынан туған әр алуан тақырыптағы жұмыстар көрмеге сән беріп, төрден орын алды.

Есеп беру концерті жаңашылдығымен де ерекшеленді. Биыл сценарийге алғаш рет жасанды интеллект қолданылыпты. Бұл да мектеп ұжымының цифрландыруға толық көшкенін айғақтады. Концертте «Шабыт» қазақ халық аспаптар оркестрі, қобызшылар, домбырашылар ансамблі, фольклорлық

ансамбль, «Ұлы дала» хореографиялық ұжымы үздік өнер көрсетті.

Сонымен қатар, вокал бөлімінің солисі Анна Юденич және 57-ші қалалық «Жас музыкант» байқауының лауреаты Рамазан Мәуелен, скрипкашылар, флейташылар, саксофоншылар және кларнетистер ансамблі, гитаршылар ансамблі мен квартет те сәтті шықты. Пианистер дуэті, жеке флейта және виолончель өнеріне де көрерменнің қошеметі зор болды.

Бұл жолы да «Көкек», «Балдәурен», «Ұлдар» хор ұжымдары өздерінің кәсіби деңгейлерінің жоғары екенін танытты. Есеп беру концертінің көздеген басты мақсаты – музыка өнерін насихаттап, кәсіби шеберлігі жоғары дарынды оқушылардың шығармашылығын көрсету болса, бұл мәреге қол жеткізгендей.

СЕМИНАР

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ»

ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУДІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ



Б.Тұрғанбектің оқу қызметі мен психолог А.Еслақова жүргізген тренинг те көпшіліктің көңілінен шықты. Семинарға арнайы Аршынбаевтар және Арысбековтер, Сертай отбасы қатысты. Бұл балабақша мен ата-аналар арасындағы байланыстың берік орнықанын байқатты. Осы балабақшаның ата-анасы, еңбек ардагері Советхан Аршынбаева барша ұжымға деген алғысын жеткізді.

– Балабақшаға кірген бетте көп жұмыс жасалғаны байқалып тұр. Өзім де осы салада ұзақ жыл еңбек еткендіктен қаншама тердің төгілгенін көріп отырмын. Ұлттық құндылық ұғымын бала санасына сіңіру үшін көп жұмыс жасалған екен. Бұл әрине, ең алдымен басшының ұйымдастыруымен бітетін шаруа, – деді ол.

Әуезов ауданындағы №64 бөбекжай-балабақша ұжымы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Ұлттық құндылықтарды дәріптеу» атты қалалық семинар өткізді. Семинарға қаламыздағы мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері, жас мамандар қатысты.

Жалпы, біз ұлттық құндылықтар туралы жиі айтамыз. Дегенмен, сол құндылықтарды жас өскін санасына қалай сіңіруге болады. Олардың түсінігінде ұлттық құндылық дегеніміз не, ұғымды түсіндірудің жолы қалай? Міне, семинар барысында ұжым қызметкерлері осы тақырыпты жан-жақты талдап, өте қызықты етіп өткізді. Жиынға Әуезов аудандық білім бөлімінің әдіскері Гүлнар Ноғайсарина қатысып отырды.

Алғашқы сөз кезегін алған бөбекжай-балабақша меңгерушісі Гүлмира Сәлімханова бүгінгі күннің басты бағдарына айналып отырған ұлттық құндылық туралы айтты. Басқосудың арқауына айналып отырған ұлттық құндылығымыздың мәні мен маңызын тарқатып берді. Балабақша әдіскері Мөлдір Шағатай өз тәжірибесін көпшілік талқысына салып, өз ойын бөлісті. Балабақша тәрбиешісі

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлмира ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ, №64 бөбекжай-балабақша меңгерушісі:

– Мектепке дейінгі тәрбие мамандары қатысқан шара өте мазмұнды өтті. Жалпы, мұндай басқосударды жиі өткізіп отырғаның пайдалы тұсы жетерлік. Бұл, ең алдымен, жас мамандар үшін тәжірибе алаңына айналып, олардың озық іс-тәжірибе алмасуына мүмкіндік беріп отыр. Мен бұл да бір мектеп дер едім. Қазіргі таңда ұлттық құндылықтарды дәріптеу балабақшадан бастау алып, баса көңіл бөлініп жатыр. Өте дұрыс. Балалар жүн түту, сабау, текемет басу, ұршық иіру дегеннен не екенін көзбен көріп, қолмен ұстады. Ұлттық құндылық дегеніміз осы ғой. «Тәрбие – отбасынан басталады» дейміз. Жалпы, ұрпақ тәрбиесінде халықтық педагогиканың маңызы өте зор. Біз алға қойып отырған мақсатымызға жету үшін ата-аналармен тығыз байланыстамыз. Балабақшадан жүйелі жұмыс көрсеніз, ол ата-аналармен бірлескен жұмыстың жемісі.

АЛМАТЫ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

Қазір Алматыны жанындай жақсы көретін тұрғындар шаһардағы тазалық науқанына жаппай қатысып, белсене атсалысып жатыр. Өйткені, Алматы – бәрімізге ортақ. Сондықтан оның тазалығына да баршамыз жауапты болсақ керек. Әрине, қоғам таза болса, адамның да санасы тазарады. Жас та болса, өз ісіне мығым Айза Алпамысқызы басшылық ететін Әуезов ауданындағы №104 жалпы білім беретін мектеп ұжымы бұл науқанда да көпшілікке үлгі болды.

САЯБАҚҚА ҚҰСТАР ҰЯ САЛАДЫ

Халқымызда «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген аталы сөз бар. Соған дәлел ретінде мектепте «Жас мамандар» мен «Жас түлектер» аллеясы ашылды. Әрбір сыныпта «Алматы – біздің қала» тәрбие сағаты өткізіліп, «Әлемдегі ең керемет қала» атты суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Алматының көркем бейнесін қыл қалам арқылы безбендеген оқушылардың қиялы тым ұшқыр. Бұған қоса, оқушылар «Құстарға үй сыйлайық!» акциясы аясында еңбек пәні мұғалімімен бірлесіп, «Family» саябағына 20 шақты құстың ұясын іліп қайтты.

Сонымен қатар, экологиялық марафон, «Экоболошак» бейнесюжеттер фестивалі,

спорттық-экологиялық эстафета, эко-квесттер барысында оқушылар қоршаған ортаны аялап, экологиялық мәдениеттің маңыздылығын сезінді.

Оқушылар үшін «Мектеп ауласының оазисі» деп аталатын мектеп жанындағы аумақты абаттандыру байқауының да әсері зор болды. Өйткені, өз қолдарымен бірнеше түп ағаш пен 480-ге жуық гүлдің көшетін отырғызды.

Мектеп ауласындағы аумаққа Алматының символы апортты бейнелеген гүлдер отырғызылды. Қорыта айтқанда, жас ұрпақ үшін «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны экологиялық пәннің де ролін атқарды.



ЖОБА

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП»

жобасы аясында «№40 мектеп – 40 кітап» акциясы өтті

Бостандық ауданы аумағына орналасқан №40 мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «№40 мектеп – 40 кітап» акциясы өтті. Оған мектеп мұғалімдері мен оқушылар, ата-аналар қатысты. Аталмыш акция барысында танымал қазақстандық қаламгерлердің поэзия, проза, драматургия, балалар әдебиеті және аударма саласындағы үздік туындылары анықталды.



кітап қоры – 27534 дана. Сонымен қатар, мектеп кітапханасы 2007 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Бір ел – бір кітап» акциясына да белсене атсалысып, өз оқырмандарына көрнекті балалар әдебиетінің классигі, ЮНЕСКО көлемінде 100 жылдығы аталып өтетін Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын ұсынып отыр.

Аталмыш акцияның қортындысы бойынша Бас жүлдеге 10 «ә» сынып оқушысы Д.Асанов, І дәрежелі дипломға 9 «ә» сынып оқушысы Б.Пердехан, ІІ дәрежелі дипломға 2 оқушы, ІІІ дәрежелі дипломға үш оқырман ие болды. Басқа қатысушылар «Ең көп кітап оқитын сынып», «Ең көп оқитын отбасы», «Креативті оқырман», «Ең белсенді оқырман» номинацияларымен марапатталды. Сонымен қатар, бұл күні ҚР Ұлттық кітапханасы мен Бостандық ауданындағы кітапханалардан келген қонақтар мектеп кітапханасының кітап қорын жаңа кітаптармен толықтырды. Кітапхана сөресінен Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», Зейнеп Ахметованың «Теңбіл доп», «Түркі әлемінің ұлы композиторы Дина Нұрпейісова», «Өлеңіммен оятым» орыс хәм Еуропа поэзиясы, «Жазықтымын», Бабыр Захир ал-дин Мұхаммедтің «Бабырнамасы», М.Жылқыбаеваның «Жалғасы бар ұтыс», Ы.Алтынсариннің «Өмірі мен шығармалары», т.б кітаптары орын алды. Өткізілген шараға мектеп басшысы Бибігүл Әдігүлқызы, мектеп кітапханашысы Ұлжалғас Маманқызы, ұстаздар, ата-аналар мен оқушылар белсене атсалысты.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



МӘСЛИХАТ

АҚЫЛ МЕН ОЙ БӘСЕКЕСІ

Алматыда шахматтан іріктеу турнирі өтті. Жарыс Мәслихат институтының құрылғанына 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстан шахмат федерациясының қолдауымен және ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың бастауымен өткізілген жарысқа Алматы қаласы Мәслихаттарының депутаттары мен Қоғамдық кеңес мүшелерінің барлық шақырылымы, ардагерлер мен БАҚ өкілдері қатысты. Ақыл-ойдың бәсекесінде 100-ден астам қатысушы бақ сынады. 9 турдан тұрған іріктеуде 25 үздік ойыншы анықталып, келесі кезеңге өтті.

Қазіргі таңда елімізде 200 мыңнан астам адам шахматпен айналысады. Турнирге қатысушылардың бірі Болатхан Тоқтағұлұлы шахматты бала кезінен хоббиге айналдырып, 1-разряд алған.

«Шахмат – қызықты әрі ең пайдалы спорт түрлерінің бірі. Әуезов ауданында тұратын ағам шахмат жарыстарына жиі барып тұратын. Турнир болатынын сол ағамнан естіп, келіп отырмын», – дейді ол.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мейіржан ОТЫНШИЕВ,
Алматы қаласы Мәслихатының төрағасы:

Турнир Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының спикері Мәулен Әшімбаевтың бастауымен және ҚР Шахмат федерациясының қолдауымен өтті. Мақсат – шахматты насихаттау, ұрпақтар сабақтастығын дәріптеу. Биыл Қазақстан Республикасы Мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл толады. Мерейтойды жұртшылыққа пайдалы іс-шаралар арқылы атап өткізгіз.

Ашық турнирге барлық сегіз шақырылымдағы мәслихат депутаттары, үш шақырылымдағы Қоғамдық кеңес мүшелері, журналистер және қаладағы белсенді ардагерлер шақырылды. Бұл турнир биыл тұңғыш рет ұйымдастырылды. Бүгін турнирдің іріктеу кезеңі өтті. Одан кейін тамыз айында аймақтық деңгейде іріктеу турнирі болады. Ал күзде Астана қаласында Сенат депутаттарының қатысуымен республикалық деңгейде өтетін болады.

ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ

Алматыда паралимпиадалық спорт түрі – боччадан алғаш рет қалалық чемпионат ұйымдастырылды. Оның жеңімпаздары ел біріншілігіне қатысады.

Бочча – бұл паралимпиада ойындарының қатарына кіретін инклюзивті спорт түрі. Бұл спорт тірек қозғалыс аппаратының ауыр ақаулары бар адамдардың шағын допты лақтыру арқылы жүзеге асады. Қалалық чемпионат Алматы қаласы Спорт басқармасы мен Алматы қаласының «Бочча» паралимпиадалық спорт түрлері федерациясының ұйымдастыруымен өтті. Ерекше жандарға арналған сайысқа 32 адам қатысып, күш-жігерін сынады. Боччаны ойнайтын адамдар диагнозына байланысты бөлінді. Жеңімпаздар да ерекше белгілерінің санатына қарай жіктеліп, анықталды.

– Бочча – елімізде жақсы қарқынмен дамып келе жатқан жас спорт түрі. Бұл жарыс 1984 жылдан бері паралимпиада ойындарының қатарында. Бүгінде мемлекетіміздің 10 облысында ресми түрде бар. Алматы біріншілігінде жеңімпаз атанған спортшыларымыз 26–31 мамыр аралығында елордада өтетін боччадан Қазақстан чемпионатына қатысады. Сондай-ақ, қалалық жарыс аясында «Children Paralympic Games – 2024» инклюзивті спорт фестивалі өтіп жатыр. Онда көзге түскен жасөспірімдер 14 маусым күні ел біріншілігінде бақ сынады. Айта кетейін, осы спорт түрінен Қазақстан ұлттық құрамасына және жасөспірімдер құрамасына бірқатар алматылық спортшылар кіреді. Қалалық жарыстан кейін қатарымыз жаңа таланттармен толығады деп үміттенеміз, – деді Қазақстан Бочча федерациясының бас хатшысы Нұргүл Ульжекеева.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БОЧЧАДАН АЛҒАШҚЫ
ЧЕМПИОНАТ

Қалалық біріншілікке қатысқан спортшы Алина Қарамышованың анасы қызының бұл спортпен айналысып жүргеніне 3 жыл болғанын айтты.

– Боччамен 2021 жылдан бері 3 жылға жуық уақыт айналысып жүрміз. Бұл спортқа кездейсоқ келдік деген болады. Біз «Алматы аренада» бассейнге бара жатқанбыз. Жолда болашақ жаттықтырушымызды кездестіріп қалдық. Ол бізді жаттығуға шақырды. Алғашқы ойыннан кейін бізге бочча ұнап қалды. Бытыр алаш рет Грекияға халықаралық жарысқа қатыстық. Ал күнделікті жаттығуларымыз «Алматы аренада» өтеді, – деді спортшы қыздың анасы Зарина Қарамышова.

Жарыс ұйымдастырушылары – Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі, «QAZAQSTAN ARDAGERLERI» қауымдастығы және «Әмбебап жекпе-жек және спорттық пышақ лақтыру федерациясы». Қазақстан Республикасының чемпионатына Астана, Алматы, Шымкент қалаларының Алматы, Жетісу, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Ақтөбе, Атырау облыстарының құрама командалары қатысты.

– Байғали Қоқымбаевты еске алу мақсатында жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Чемпионатқа 3 қаладан және 11 облыстан спортшылар қатысты. Олар алдағы Азия чемпионатына іріктелді, – деді бас төрешінің орынбасары Абылайхан Аманкелдин.

Төрт күнге созылған додаға спортшылар жекпе-жектің лайт және классик түрлері бойынша қатысты. Жалауы желбіреген сайыс 12 мен 15 жас аралығындағы жасөспірімдердің басын қосты. Қазақстан чемпионы атану үшін 11 облыстан 350-ге жуық спортшы қатысқан.

Айта кету керек, әмбебап жекпе-жектің басқа спорт түрінен басты ерекшелігі – жекпе-жектен бөлек, 10 түрлі кедергіден өтеді. Басты мақсат – жас спортшылардың патриоттық сезімін, жауынгерлік күш пен әскери қолданбалы дайындығын нығайту.

Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.

ӘЛЕМ БІРІНШІЛІГІ

ТАРИХИ
ЖЕҢІС!

Финляндияда өтіп жатқан шайбалы хоккейден жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы топтағы алғашқы жеңісіне қол жеткізді.

Қазақстандық хоккейшілер әлем біріншілігі аясындағы үшінші кездесуін Чехия құрамасына қарсы өткізіп, овертаймда 4:3 есебімен тарихи жеңіске жетті. Ойынның негізгі уақыты 3:3 есебімен тең аяқталды. Қазақстандықтар арасында Роман Большедворский, Корней Корнеев және Александр Перкин көзге түсті. Ал овертаймда қарсыластарынан айласын асырып, Ұлттық құрамаға жеңіс сыйлаған Мстислав Шипилин болды. Құрама сапында өнер көрсеткен барлық хоккейшілер қазақтың кең даласында туып-өскен әрі тәрбиелеген спортшылар.

Айта кеткен жөн, бұған дейін Қазақстанның жас хоккейшілері тек 2003 жылы Ярослав қаласында өткен әлем чемпионатына қатысқан болатын. Айтылған жарыста біздің командамыз барлық ойында жеңіліс тауып, ұпай жинай алмаған еді.



ӘМБЕБАП ЖЕКПЕ-ЖЕК

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ЖАРЫС

Әмбебап жекпе-жектен жасөспірімдер арасында Ауған соғысының батыры, полковник Байғали Қоқымбаев атына арналған Унифайттан Қазақстан Республикасының чемпионаты 24–28 сәуір аралығында өтті.

Жарыс ұйымдастырушылары – Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі, «QAZAQSTAN ARDAGERLERI» қауымдастығы және «Әмбебап жекпе-жек және спорттық пышақ лақтыру федерациясы». Қазақстан Республикасының чемпионатына Астана, Алматы, Шымкент қалаларының Алматы, Жетісу, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Ақтөбе, Атырау облыстарының құрама командалары қатысты.

– Байғали Қоқымбаевты еске алу мақсатында жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Чемпионатқа 3 қаладан және 11 облыстан спортшылар қатысты. Олар алдағы Азия чемпионатына іріктелді, – деді бас төрешінің орынбасары Абылайхан Аманкелдин.

Төрт күнге созылған додаға спортшылар жекпе-жектің лайт және классик түрлері бойынша қатысты. Жалауы желбіреген сайыс 12 мен 15 жас аралығындағы жасөспірімдердің басын қосты. Қазақстан чемпионы атану үшін 11 облыстан 350-ге жуық спортшы қатысқан.

Айта кету керек, әмбебап жекпе-жектің басқа спорт түрінен басты ерекшелігі – жекпе-жектен бөлек, 10 түрлі кедергіден өтеді. Басты мақсат – жас спортшылардың патриоттық сезімін, жауынгерлік күш пен әскери қолданбалы дайындығын нығайту.

Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.

ҚАУЛЫ

2024 жылғы 30 сәуір №2/225-262

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 22 сәуірдегі №34.1-34/638-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жалпыға ортақ пайдалану нысаны құрылысы (көлік торабы) үшін, Алматы қаласы Медеу ауданы, Құлжа тас жолының отүстік-шығысы, Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналының солтүстігінде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Мемлекет иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кенес болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекет иелерін хабарлар етсін және жер учаскелерінің мемлекет иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тегеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАЙН
ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«KAZSTAR Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-012	Құлжа тас жолы, 34	0,3119
2	«Prado Oil» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-030	Құлжа тас жолы, 40/1	0,1499
3	Аллабердиева Захида Азатовна, Хорқаева Нурали Ахмадович	20-315-062-172	Құлжа тас жолы, 26/1 учаске	2,1594
4	Қайратова Гүлбакыт Қайратовна, Кириченко Илья Александрович	20-315-062-379	Құлжа тас жолы, 30 учаске	4,3204

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 30 сәуір
№2/225-262 қаулысына қосымша



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 7 айға – 3752,84 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 7 айға – 5152,84 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 7 айға – 2352,84 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді Post.kz сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет Post.kz-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет 24/7 қолжетімді.

ҚАУЛЫ

2024 жылғы 30 сәуір №2/225-263

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 4 сәуірдегі №32.1-32/904-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Заманауи Конгресс-орталық салу мақсатында Медеу ауданы Жамақаев, Алдар көсе, 8-ші Гвардиялық дивизия, Шукшин көшелерінің шаршысында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамада белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 30 сәуір
№2/225-263 қаулысына қосымша

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«AIG Real Estate Holdings» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-028-001	Шукшин көшесі, 32	0,0712
2	Евдонова Тамара Николаевна	20-315-028-005	Жуков көшесі, 56	0,0849
3	Алимғазиева Гульнара Былғариевна	20-315-028-026	Жамақаев көшесі, 63	0,0786
4	Шин Василий Андреевич	20-315-028-035	Манаев көшесі, 57	0,0745
5	Айболова Рауза Габбасовна	20-315-028-104	Шукшин көшесі, 34	0,0444
6	Шилова Галина Васильевна	20-315-028-105	Манаев көшесі, 59	0,0762

7	Асенов Нуржан Айдынович	20-315-028-247	Манаев көшесі, 61	0,0814
8	Жусупова Дина Келенкожаевна	20-315-028-259	Шукшин көшесі, 30	0,1051
9	Тохтауов Ахметжан	20-315-028-375	Манаев көшесі, 72/1	0,0682
10	«KAZKOM Realty» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-028-375	Манаев көшесі, 72/1	0,0682
11	Прохоренко Иван Владимирович, Прохоренко Валентина Фроловна, Прохоренко Татьяна Владимировна, Прохоренко Дарья Михайловна, Прохоренко Данил Михайлович	20-315-028-445	Манаев көшесі, 73/36	0,1076
12	Распопина Наталья Филипповна, Распопин Павел Владимирович	20-315-028-516	Жуков көшесі, 82	0,1680
13	Тохтауов Дилбар Махамедовна	20-315-028-548	Жамақаев көшесі, 65	0,0436
14	Абдуқадыров Курванжан Абайдуллаевич	20-315-029-127	8-ші Гвардиялық дивизия көшесі, 86	0,0874
15	Бурамбаева Гульайым Джалдасовна	20-315-029-169	Шукшин көшесі, 26 А	0,0579
16	Ким Наталья Виссарионовна	20-315-029-222	8-ші Гвардиялық дивизия көшесі, 62	0,0993
17	Корченко Клавдия Петровна	30-315-029-281	Жуков көшесі, 81	0,1673
18	Назаренко Петр Валерьевич, Назаренко Ольга Ивановна	20-315-029-282	Жуков көшесі, 87	0,0669
19	Бабенко Анатолий Иванович	20-315-029-283	Жуков көшесі, 89	0,0662
20	Сулейменова Азат Оралбаевна	20-315-029-307	Шукшин көшесі, 24	0,0674
21	Симатова Рашида Именовна	20-315-029-313	Шукшин көшесі, 26/91	0,0222
22	Федорова Людмила Михайловна, Скороходов Александр Михайлович	20-315-029-378	8-ші Гвардиялық дивизия көшесі, 88	0,0670
23	«Алатау Жарық Компаниясы» Акционерлік қоғамы	20-315-029-500	Шукшин көшесі, сооружение 5231	0,0033
24	Уканова Дана Маратовна	20-315-029-509	8-ші Гвардиялық дивизия көшесі, 66	0,0606
25	Камердинов Халмурат Кладдинович	20-315-029-677	Шукшин көшесі, 20/90	0,0715
26	Камердинов Амердин Жамалдинович	20-315-029-720	Шукшин көшесі, 22	0,0526
27	Федулов Олег Николаевич	20-315-029-724	Жуков көшесі, 77	0,1014
28	«Time Group Construction» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-029-910	Жуков көшесі, участок 67/1	0,1758

АЗАМАТТЫҚ СОТ

«Алматы қаласы Медеу аудандық сотымен арызданушы Литвинова Неда Васильевнаның, тұрғылықты мекенжайы: Алматы қаласы, Кабилов көшесі, 117-үй, Севериненко Надежда Николаевна 1950 жылғы 23 маусымда туған, Алматы қаласының тумасы, қайтыс болған деп тану туралы арыз бойынша қозғалған азаматтық іс өндіріске қабылданды. Аталған азаматтың жүрген жері туралы мәліметтері бар адамдарға жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде сотқа бұл туралы ақпаратты Алматы қаласы Медеу аудандық сотына, мекенжайы: Алматы қаласы, Нүсіпбеков көшесі, 32, тел.: 8 (727) 333-12-99, 8 776 101 22 46 хабарлауды сұраймыз».



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).
Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: +7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 260 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Гамма-принт» ЖШС-де басылды. 050061, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 369.
Тел.: 247-98-30

Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

КӨРНЕКТІ КОМПОЗИТОР

Ескендір Хасанғалиевтің құрметіне музей-бұрыш ашылды

Алматы қаласы Мемлекеттік архивінің №833 қор құрушысы Қазақстан Республикасының Халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, «Құрмет» және «Отан» ордендерінің иегері, композитор, әнші Ескендір Хасанғалиевтің «Қазақстаным – қасиетті атамекенім» атты бұрышының ашылу рәсімі өтті.

**Ернұр
РЫСБАЙ**

Салтанатты іс-шараға Ескендір Хасанғалиевтің отбасы, жақындары, достары, қоғам қайраткерлері және Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев қатысты.

– Бүгін қала мен заман тарихында тағы бір күннің күәсі болып отырмыз. Архивке ұлы адамдардың дүниесін өткізу әлем тәжірибесінде бар нәрсе. Бұл мемлекеттік архивте көптеген тұлғалардың бұрышы бар. Қайсысын айтсақта, әрқайсысы өзінің бір төбе. Осындай музей-бұрыштардың арқасында өскелең ұрпақ ұлылардың дүниесін өз көзімен көре алады. Архив шаң басқан дүниелерді сақтайтын орын емес, керісінше халықтың руханиятын жаңартатын орын, – деді Ғани Айдарұлы.

Қазақстан Республикасы Халық әртісінің ұлы Біржан Хасанғалиев те бұл күннің қаншалықты ерекше екеніне тоқталды.

– Біз көптен күткен күн де келіп жетті. Әкеміз қайтқанына дәл бүгін 3 жыл толып отыр. Алайда, дәл осындай іс-шаралардың арқасында оның шығармашылығы ары қарай да жалғаспақ. Бұған дейін әкеміз атында конгресс холл ашылып, қала көшелерінен есімі берілген болатын. Ал бүгін арнайы бұрыш ашылып отыр. Бұл біз үшін өте қуанышты жағдай. Осы орайда, Алматы қаласының әкімдігіне алғысымды білдіремін, – деді Б.Ескендірұлы.

Музей бұрышына Ескендір Өтегенұлының қолжазбаларын, ноталарын, марапаттарын, фотоальбомдарын, сыйлықтарын, кітаптарын, ордендерін, төсбелгілері мен басқа да жеке заттарын ресми түрде Мемлекеттік архивке ұлы Біржан Ескендірұлы Хасанғалиев тапсырды.

Алматы қаласы мемлекеттік архиві жинақтау бөлімінің басшысы Нағима Нұғманова бұрыштың маңыздылығы жайында сөз етті.

– Бұл күн біздің Мемлекеттік архив үшін өте маңызды. Себебі, бүгін әрбір қазақтың жүрегінде рухын оятып, патриоттық сезім сыйлайтын әндердің авторы Ескендір Хасанғалиевтің музей-бұрышы ашылып отыр. Бұл қорға композитордың өзінің қолданған заттары, қолтаңбалары, түпнұсқадағы ноталары және құжаттары еніп отыр. Біржан Ескендірұлы қорды әлі де толықтыратынын айтқан болатын.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ЗАУЗА АЙЫ БАСТАЛДЫ

Мамыр – көктемнің соңғы айы. Он екі айдың ең сұлуы...

Бабалар мамырды зауза деп атаған. Бұл – қоңыздың атауы. Көнекөз, емші әжелер зауза (қоңыз) майын жинайды. Ол барлық ауруға ем болады екен. Мамырда малдың ішегіне май жүгіретін болғандықтан майлы ішек деп атаған. Бұл айдың атауы көп. Бабалар зауза деген. Кеңестік дәуірде май айы дедік. Қазір мамыр дейміз. Сәуір, құралай деп аталған кездері де болған. Саябақта құстардың дауысы естілмейді. Қазір олар жұмыртқа басып жатыр. Енді 3–4 күнде қызылшақа балапан шығарады. Бұрынғылар «қызыл жұмыртқа» деген амал осы.



Қазақ төрт түліктің баласын төл деп атаса, барлық құстың балапанын мамыр деген.

Мамыр айы жаңбырлы болып басталды. Бірде селдетіп, бірде себелеп, есебін тауып күн құрғатпайтын сыңайы бар.

Мамыр айының алғашқы онкүндігінде жұмыртқа шайқаған құстардың біразы қызылшақа балапан шығарады. Осы кезде ауа райында тосын өзгеріс орын алады. Күн күркіреп, нөсер жаңбыр жауып немесе қатты жел соғып, дауыл тұрып, соның салдарынан 1-2 күнге созылған суық болады. Көнекөз қарттар осы көріністі жоғары-

да атап өткеніміздей, «Қызыл жұмыртқа» амалы деп атаған.

Алда «Саратан-зауза» амалы бар. Мамырдың 10-жаңасынан 15-жаңасына дейін жалғасады. Саратан – түйенің, Зауза – қызбаланың аты. Амалдың енді бір аты – «Сары шыбық». Бұл – торғайдың аты. Амал кезінде тосыннан күн суытады, ат тұсарынан қар жауып, сабадағы іркіт қатады. «Саратан-зауза» өткеннен кейін ғана түйені күзген, өйтпесе түйе малы суыққа ұрынып, үсіп өлуі кәдік. Сауын сиырларын жабулап, қораларын бүтіндеген. Халқы-

мыздың «Жабу басында жал қалады, жал қалмаса жан қалады» деген мақалы осы амалға қатысты шығарылған. Бұл амал туралы алдағы пайымымызда толығырақ айтатын боламыз.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін – мамыр айының 3-і, ай жүйесі бойынша, сәуірдің – 24-і, қазақы есеп бойынша, әлі сәуірдің 12-сі. Демек, апта айдың басын да, ортасын да, аяғын да қамтып тұр. Ал айдың басында, ортасында және аяғында ауа райында өзгеріс болуы әбден мүмкін жағдай.

Алдағы аптада жауын-шашын бұрынғыдан жиілей түсуі мүмкін. Күннің қызуы күрт көтеріледі. Жеміс ағаштары түйнек салып, өз тіршілігін жалғастыра береді. Күннің ыстығынан еріген қар суы сай-саланы толтырып, өз әуеніне – гүрілге басады.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

МАМЫР АЙЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОНКҮНДІГІНЕ АРНАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

- *Торғай ерте жұмыртқаласа, күн ерте жылынады.
- *Күн көп күркіресе, егін, шөп мол шығады.
- *Құр мен шіл құрқылдап пана іздесе, ұзамай боран басталатынын білдіргені.
- *Қырғауыл мазасызданып, қатты айқайласа, жер сілкінетін көрінеді...
- *Құстар ертемен жем іздеуге асықса, күн жауынды болады деп күткен жөн.

**Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ**

Мамыр – көктемнің соңғы айы. Он екі айдың ең сұлуы, айнала гүлге бөленген, нұрға кенелген табиғаттың тамаша кезі, шаруаның асыға күткен сүйікті айы.

• Мамыр сөзі тоқшылық, қондану, қызық, рахат деген ұғымды білдіреді екен. Ол туралы өткен жолы пайымымызда айтқанбыз.

Тағы бір мағынасы – аққу мен қаздың қанаттанбаған балапанын да мамыр дейді.